

ISSN 2520-2634
eISSN 2520-2650
Индекс 75874; 25874

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

«Педагогикалық ғылымдар» сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия «Педагогические науки»

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of Educational Sciences

№2 (55)

Алматы
«Қазақ университеті»
2018



ХАБАРШЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР» СЕРИЯСЫ № 2 (55)

ISSN 2520-2634
eISSN 2520-2650
Индекс 75874; 25874



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Мухатаева Д.И., аға оқытушы (Қазақстан)
Ертаргынқызы Динара, PhD, аға оқытушы
(Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Мыңбаева А.Қ., п.ғ.д., профессор, ғылыми редактор (Қазақстан)
Булатбаева А.А., п.ғ.д., профессор м.а., ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)
Айтбаева А.Б., п.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Таубаева Ш.Т., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)
Алғожаева Н.С., п.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Аринова Б.А., п.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Ахметова Г.К., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Исаева З.А., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)
Трапицын С.Ю., п.ғ.д., профессор (Ресей)
Тайсум Э., PhD (Ұлыбритания)
Христозова Г., п.ғ.д., профессор (Болгария)
Римантас Ж., хабил. д., профессор (Литва)
Хусейн Х.Б., PhD, профессор (Түркия)
Пепа Митева, PhD, асс. профессор (Болгария)
Акшалова Б.Н., ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Махамбетова Ж.Т., психология магистрі (Қазақстан)

Педагогикалық ғылымдар сериясы – білім беру әдіснамасы мен тарихы, психологиялық-педагогикалық зерттеулер, кәсіби білім беру, салыстырмалы педагогика, білім беру менеджменті, инклюзивті білім беру, жоғары оқу орындарын инновациялық дамыту, тәрбие теориясы мен әдістемесі, пәндерді оқыту әдістемесі бағыттарын қамтиды.



КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТІ
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шаккозова
Телефон: +77017242911
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Азиза Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Айдана Керімқұл
Телефон: +7(727)377-34-11
E-mail: Aidana.Kerimkul@kaznu.kz

ИБ № 12158

Басуға 30.06.2018 жылы қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 7,8 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.
Тапсырыс № 4435. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

2016 жылға дейін ISSN 1563-0293

1-бөлім
**ТАРИХ.
ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ
ӘДІСНАМАСЫ**

Раздел 1
**ИСТОРИЯ.
МЕТОДОЛОГИЯ СОВРЕМЕННОГО
ОБРАЗОВАНИЯ**

Section 1
**HISTORY.
METHODOLOGY
OF MODERN EDUCATION**

FTAMP 14.07.03+02.41.51+15.41.21

Паридинова Б.

философия магистрі, Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университетінің PhD докторанты,
Қазақстан, Қызылорда қ., e-mail:filosof.sokrat.86@mail.ru

ТҰЛҒА ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮСІНІК РЕТІНДЕ

Әлемдік дамудағы жаһандану үдерістері халықаралық интеграцияның кеңеюіне ықпал етуімен қатар, тұлғаның да дамуына әсер етеді. Сондықтан адамның тұлғалық дамуы мәселесі елдің экономикалық және әлеуметтік даму шарттарын қалыптастыратын маңызды факторға айналды. Тұлға теориясы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар шеңберінде ерекше дамуда. Адамзат қоғамының дамуының басында тұлға теориясы философиялық ғылымдарда талданды. Берілген мақалада тұлға қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың нысаны ретінде айқындалады. Мақаланың пәні ретінде тұлға теориясына байланысты кейбір қызықты идеялардың философиялық, педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық түсініктері саналады. Зерттеудің мақсаты – тұлға теориясы эволюциясының негізін қалайтын қағидаларын сәйкестендіру. Философия, педагогика және психологияның маңызды өкілдерінің көзқарастары мен қызықты идеялары қарастырылған. Алынған нәтижелер жоғары мектеп қызметінде тұлғалық-бағдарлы оқыту барысындағы мұғалімдер мен студенттердің мәдениетін қалыптастыруда қолдануға болады. Зерттеудің әдістемелік негізін тұлғаны философиялық, педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық түсінік ретінде зерттеудің жалпы заңдылықтары, қағидалар, тәсілдер мен әдістер жүйелері құрайды. Соның ішінде, танымның диалектикалық әдісі тұлға түсінігін түрлі деңгейде қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері философия, педагогика және психология әдіснамалары арқылы алынды. Зерттеуде тұлға ұғымының философия, педагогика және психологиядағы түсініктік аппараты айқындалды және жүйеленді. Ол үшін шетелдік авторлардың тұлға теориясы тұжырымдамалары талданды. Руханият, мораль, тұлғаның әлеуметтенуі мәселелері қарастырылды. Тұлғалық-бағдарлы оқыту шарттарындағы мұғалім тұлғасы мәселесіне ерекше мән берілді. Сондықтан берілген зерттеу жұмысының нәтижелері студенттер арасындағы оқу процесі мен тәрбие жұмыстарында пайдалану өз жемісін береді. Жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы мынада: тұлға теориясы түсінігі құрылымданды және жүйеленді, философиялық, педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық тұжырымдарға ерекше назар аударылды.

Түйін сөздер: тұлға, түсінік, мұғалім, тұлғалық-бағдарлы оқыту, гуманистік психология.

Paridinova B.

PhD student, Korkyt Ata Kyzylorda State University,
Kazakhstan, Kyzylorda, e-mail:filosof.sokrat.86@mail.ru

Personality as Philosophical, Pedagogical and Social-psychological Concepts

Processes of globalization of world development influence not only to expansion of the international integration, and also on personality development. The problem of the theory of personality becomes a significant factor creating conditions for economic and social development of the country. The theory of personality develops primarily within the social and human sciences.

At the beginning of the development of human society, the theory of personality was discussed in the philosophical sciences. In this article, personality is defined as an object of social and human sciences. The subject of the article are some more interesting ideas concerning the theory of personality as

a philosophical, pedagogical and socio-psychological concept. The aim is to research the evolution of personality theory in identifying its fundamental principles. Considered the views and their most interesting ideas basic representatives of philosophy, pedagogy, psychology. The results obtained will be used in the activity of the higher school to form a culture of teachers and students in personal-oriented learning. Methodological basis of the research was a system of principles, methods for studying the general patterns of personality as a philosophical, pedagogical and social-psychological concept. In particular, dialectical method of cognition allowed us to consider the problem theory of personality in different levels.

In the paper the concepts of the theory of the personality of authors of foreign countries were analyzed, problems of spirituality, morality, and socialization of the individual were examined. Particular attention was paid to the problem of the teacher's personality in the context of personal-oriented learning. Results can be useful in designing and understanding educational work of universities.

Key words: personality, concept, teacher, personality-oriented learning, humanistic psychology.

Паридинова Б.

магистр философии, PhD докторант

Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата,
Казахстан, г. Кызылорда, e-mail: filosof.sokrat.86@mail.ru

Личность как философское, педагогическое и социально-психологическое понятие

Процессы глобализации мирового развития влияют не только на расширение международной интеграции, но и на развитие личности. Теория личности развивается преимущественно в рамках общественных и гуманитарных наук. В начале развития общества теория личности рассматривалась в философских науках. В данной статье личность рассматривается как объект изучения общественных и гуманитарных наук. Предметом статьи являются некоторые более интересные идеи, на взгляд автора, касающиеся теории личности как философское, педагогическое и социально-психологическое понятие. Целью исследования является раскрытие эволюции теории личности при определении его основополагающих принципов. Рассмотрены взгляды ключевых представителей философии, педагогики, психологии и наиболее интересные их идеи. Полученные результаты могут быть использованы в практической деятельности высшей школы для развития культуры учителей и студентов, развитии взглядов и идей теории и практики личностноориентированного обучения. Методологическая основа исследования – система принципов, приемов и способов исследования общих закономерностей развития личности как философской, педагогической и социально-психологической категорий. В частности, диалектический метод познания позволил рассмотреть проблему теории личности в разных уровнях. В статье были анализированы концепции теории личности авторов зарубежных стран, рассмотрены проблемы духовности, морали, социализации личности. Особое внимание было уделено проблеме личности учителя в условиях личностноориентированного обучения. Результаты могут быть полезны в проектировании и осмыслении воспитательной работы вузов.

Ключевые слова: личность, понятие, учитель, личностноориентированное обучение, гуманистическая психология.

Кіріспе

Жаһандық құбылыстардың белең алуы қазіргі қоғамда көптеген өзгерістерді туында-тып отыр. Әлеуметтік, қоғамдық, саяси, мәдени өмірде адам құндылықтары өзгеріске ұшырай бастады. Жаһандану салдарынан жаңа қауіп-қатерлер мен сын-тегеуріндер пайда болды. Сондықтан қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы, әсіресе философия, педагогика және психология ғылымдарындағы тұлға түсінігін қарастыру өзекті болып табылады.

Философия ғылымдарының негізгі дүние-танымдық мәселелерінің бірі ретінде адамның табиғатын, оның болмыстық ерекшелігін, шығу тегін, дүниедегі адамзат баласының ор-

нын түсіндіру саналады. Заманауи философия ғылымдарында да адам табиғатын пайымдау тұлға түсінігімен тығыз байланысты. Өйткені демократиялық қоғамның ең жоғарғы құндылығы саналатын тұлға түсінігінің мән-мағынасын түсіну маңызды деп ойлаймыз.

Жаһандану педагогика және психология ғылымдарының жаңа қырынан дамуына ықпал жасады. Әсіресе, жаһандану құбылысы білім беру процесін қайта қараудың іргетасын қалады. Білім беру жүйесінде тұлға негізгі орын алатын тұлғалық-бағдарлы оқыту бойынша жаңа технологияларды енгізу басталды. Жалпы тұлғалық-бағдарлы оқытудың негізгі нысаны тұлға болғандықтан мәселені барлық қырынан қарастыруға тырыстық.

Зерттеу жұмысының негізгі нысаны ретінде тұлғаның философиялық, педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық түсініктері саналады. Басты мақсат – тұлға ұғымының ғылыми түсініктік аппаратын жүйелендіру. Сондықтан аталмыш ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңыздылығы жоғары деп ойлаймыз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдістемелік негізін тұлғаны философиялық, педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық түсінік ретінде зерттеудің жалпы заңдылықтары, қағидалар, тәсілдер мен әдістер жүйелері құрайды. Соның ішінде, танымның диалектикалық әдісі тұлға түсінігін түрлі деңгейде қарастыруға мүмкіндік береді.

Құрылымдық-логикалық модельді пайдалану барысында тұлға түсінігі және оның кейбір мәселелерін жүйелі түрде анықтауға болады. Бұл әдісте тұлғаны философиялық, педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық қағидалар тұрғысынан қарастырамыз. Әлбетте, берілген модель барлық талдау түрлерінің синтезі болып табылады. Бұл негізгі нәтижелердің логикасы келесі әдістерде көрініс табады: құрылымдау, жүйелеу.

Философиялық әдіснама арқылы тұлға түсінігін зерттеудің барлық бағыттарындағы айқындалған тұжырымдамалардың мәні, диалектиканың негізгі қағидалары болып табылатын жалпылама байланыс, қалыптасу және дамуы, зерттеу пәнінің ғылыми танымның эмпирикалық және теориялық түрлерімен өзара байланысы айқындалады. Педагогикалық және психологиялық әдіснама арқылы білім беру процесіндегі тұлғаның гуманистік парадигмасы, тұлға дамуының негізі ретінде оқыту және тәрбиелеу мәселелері, азаматтарды дамушы тұлғаға үйретуге дайындау сынды мәселелері дәйектелді. Тұлға философиялық, педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық түсінік ретіндегі негізгі тұжырымдамалары жиынтықталып, қорытындыланды.

Әдебиеттерге шолу

Тұлға мәселесін айқындау бойынша ғылымда әртүрлі пәнаралық зерттеулер жүргізіліп келеді. Мәселен, психология ғылымдарында оқытуды зерттеудің нақты саласы болмаса да, мұғалімнің оқу процесіндегі маңызды тұлғасын

айқындайтын көп жылдық түсінік бар. Ғылыми жұмыста тұлғаны зерттеу психологияның негізгі міндеті екендігі айқындалады (Эванс, 1959) [1]. Мұғалімдердің білім берудегі тұлғалық сапасының рөлін түсіндірудегі білім беру психологиясы тұлғаның даму теориясына сүйенеді. Негізінен тұлғаның бес факторлы көрінісі мұғалім тұлғасының толықтай психологиялық теориясының негізін ашады (Голдберг, 1992) [2]. Келесі зерттеу жұмысында 1920 – 1960 жылдар аралығындағы Бразилия мұғалімдерін оқытуға байланысты педагогикалық психология бойынша еңбектердегі тұлға және оның даралық айырмашылықтары түсіндіріледі. Бұл еңбекте біліммен қатар, философиялық, биологиялық, психоаналитикалық және діни көзқарастардың әр түрлі ахуалдардағы басымдылығы айқындалады (Лима және Катани, 2015) [3]. Руханият адам тұлғасын қалыптастырады және басты адамгершілік белгісі болып табылады. Оқу процесіндегі рух, руханилық, дін, мораль түсініктерінің негізгі теориялық зерттеулері мен «руханият» пен «адамгершілік» түсініктерін философиялық көзқарастар жүйесінде үйлестіруді мақсат еткен еңбектер де кездеседі. Сонымен қатар, руханилық түсінігінің қалыптасқан ұғымдарын психологиялық сараптау жүргізіледі (Яшина, 2015) [4]. «Тұлға», «әлеуметтену» және «тұлғаның әлеуметтенуі» түсініктерінің теориялық негіздері сарапталған еңбекте авторлар әлеуметтенудің процестері мен тетіктерін қысқаша баяндайды. Тұлғаның әлеуметтенуінің философиялық, әлеуметтанулық, психоэкологиялық, құқықтық және моральды-этикалық қырлары қарастырылады. Авторлардың пайымдауынша, қазіргі шарттардағы әлеуметтену процесі барлық өркениеттердің мәдениет сахнасында дамып, көптеген ұлттық және этникалық мәдениеттер арасындағы өзара қимылдар мен кірігудің қосындысы болып табылады (Родермел және Степанова, 2015) [5]. «International Encyclopedia of the Social & Behavioral Science» Энциклопедиясының екінші басылымында тұлғалық бірегейліктің философиялық қырлары екі теория бойынша қарастырылады: теория жан, дене және мида шоғырланады; психологиялық үздіксіздік пен қисындылық туралы реляциялық теориялар. Әлеуметтік зерттеулер бірегейліктің субъективті сезімін талдайды. Постмодернистік теориялар адам бірлігін мойындамайды. Бірегейлікті тұрақтандыру үшін эмпирикалық мәліметтер ұсынылған (Наннер-Винклер, 2015) [6]. Діни және рухани тұрғыдағы (д/р) күрес –

бұл әлсіз ақыл-ой мен физикалық нәтижелердің жалпы тәжірибесі мен сенімді нәтижесі. Діни және рухани күрестегі тұлға мен өзін-өзі бағалаудың рөлі қарастырылған зерттеуде тұлға көріністерінің (өзін-өзі төмен бағалау, жоғары нейротизм және т.б.) белгілері салыстырылады. Нәтижесінде тұлға мен өзін-өзі бағалау діни және рухани тұрғыдағы күресте маңызды рөл атқару ықтималдығы талданады (Граббс және т.б., 2016) [7]. Жеке, әлеуметтік және когнитивті парадигмаларды біріктіре отырып зерттелген еңбекте тұлғалық сапалық белгілердің когнитивті процестермен байланысты айқындалады. Нәтижелерде айқындалғандай, тұлға ойластырылған ұсыныстар жиынтығынан кейін өзіне-өзі қатыстылығы мәселесі туындайды (Хоувэлл және Зеленски, 2017) [8]. 2017 жылы жарық көрген «Individual Differences and Personality» ғылыми еңбегінің төртінші бөлімі (Эштон, 2017) [9] тұлғаның дамуына арналады. Автор өз еңбегінде тұлғаның әрбір өмір сатыларындағы өзгерістерді қарастырады. Сонымен бірге, балалар тұлғасына байланысты өлшемдер талданып, ұзақ мерзім көлемінде тұрақтылық сақталатын жас шамаларын айқындайды. Психология мен этика арасындағы алшақтық тұлғалық бұзылуды оңтайландырған зерттеуге әкелді. Біріктірілген көзқарас тұлғалық бұзылуды зерттеуді байытуы және кеңейтуі мүмкін. Тұлғалық бұзылуды психоэтикалық көзқараспен қарастырған мақалада ерік білдіру өлшемдерінің моральдық шешімдер арқылы психологиялық қабілеттерді әлсірету ахуалы сарапталып, үдемелі ауытқушылықтарға әкелу салдары анықталады (Эльварез-Сегура және т.б., 2017) [10]. Тұлға теориясының қорытындылары оқу процесіндегі білім беру психологиясы шеңберінде мұғалімнің тұлғалық рөлін айқындайды. Бұл үшін зерттеу жұмысында психология және оның шектес салаларының келесі бес тобы сыни тұрғыдан сарапталады: мұғалім типологиясын зерттеу, мұғалімдердің қажетті және қажетсіз ерекшеліктерін айқындау, мұғалімдердің кәсіби мінез-құлқы және оның студенттерге ықпалын анықтау, мұғалімдердің кәсіби бірегейлігін зерттеу және тұлға теориясы төңірегіндегі мұғалім тұлғасын зерделеу (Гонкз, 2017) [11]. Тұлға қозғалысы психологиясын сараптауға арналған ғылыми еңбек заманауи тенденцияларға сүйенген нәтижелер береді. XIX және XX ғасырлардың зерттеушілері дәйектеген ғылыми мәселелерді шешу арқылы қазіргі ғылым тұлға құрылымы мен қозғалысын толық түсіне алады. Зерттеу барысында тақырыпқа байла-

нысты теориялық және әдістемелік мәселелер қарастырылған (Кэрвон және Литтл, 2017) [12].

Сонымен қатар, мұғалім тұлғасы түсінігін зерттеу бойынша әлеуметтік оқыту теориялары (Бандура, 1999) [13] мен даму теорияларының танымдық белгілерін (Лутз және Хайтт, 2004) [14], тұлғалық және педагогикалық өзара әрекеттердің академиялық жетістіктердің анықтаушысын (Кардосо және т.б., 2011) [15] дәйектеген еңбектер де кездеседі.

Нәтижелер және талқылау

Байқағанымыздай, тұлға түсінігі қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласында жан-жақты түсіндіріледі. Қазіргі шарттарда осы жан-жақты зерттеулер көмегімен мәселенің мәнін ашуға мүмкіндіктер мол. Тұлғаның заманауи шарттарда негізгі нысан екенін дәйектей отырып, мына пікірге назар аударғымыз келеді: «Бүгіннен бастап және болашақта да терең ойлайтын, өзгелермен өзара әрекеттер жасайтын, салдардың көптеген нұсқаларын қарастыратын, баламалы шешімдер ұсынатын және мәселені шығармашылық тұрғыдан қарастыратындар ғана ерекше қажет етіледі» (Фромберг, 2001) [16].

Негізінен еуропалық тілдерде тұлға түсінігі латынның *persona* сөзімен тығыз байланысты. Ұғым көптеген мағыналар береді: театрдағы әртіс бетпердесі, адамның әлеуметтік рөлі, адам біртұтас жаратылыс иесі және т.б. Ежелгі римдік философ Цицерон былай деген екен: «Мен үш тұлға кейпіндемін: жеке өзімнің, менің қарсыласымның және соттың» (Питкин, 1967) [17]. Ал рим философы Боэций болса, өзінің «Contra Eutychen et Nestorium» (Боэций, 2014) [18] атты еңбегінде *persona* түсінігі латынның *personare* (қуатты дыбыс шығару) етістігінен шыққан деп есептейді. Аталмыш еңбегінде ойшыл тұлға түсінігіне де анықтама береді: «Қисынды табиғаттың дербес субстанциясы».

Француз философы Р. Декарттың (Асмус, 2006) [19] екі субстанциясы ілімі арқылы тұлға түсінігінің философиялық тұжырымдамалары дами түсті. Рационализм және оның философиядағы орнын негіздеген ойшылдың ғылымға берген жетістіктері мыналар деп ойлаймыз: ақыл-ойдың танымдағы жетекші рөлін дәйектеді; субстанциялар туралы ілім, оның белгілері мен модустарын ұсынды; философиядағы материалистік және идеалистік бағыттарды бітістіру үшін дуализм теориясының авторы атанды; танымның ғылыми

әдісі мен «туа біткен идеялар» туралы теорияларды айқындады. Субстанцияларды материалды (заттар) және рухани (идеялар) деп бөле отырып, жан мен дене адамның психофизикалық бірлігінен бас тартатындығын айқындады. Ойшыл еңбектерінде тұлға санамен теңдестірілді.

Ағылшын философы, қоғамдық келісім теориясының негізін қалаушылардың бірі Т. Гоббс тұлға түсінігінің дамуын талдайды: «Тұлға сөзі латынның *persona* сөзінен шыққан. Гректер мұның орнына *prosopon* ұғымын қолданады және бет немесе кескін мағынасын береді. Латынның «*persona*» түсінігі секілді сахнада ұсынылатын адамның киімі немесе сыртқы келбеті деп түсіндіріледі. Кейде адамның белгілі бір дене мүшесін, мәселен бетін жасыратын бетперде айтылады. Театр сахнасынан келген бұл түсінік кейін сөйлейтін немесе әрекет ететін мағынасымен ауысты. Сонымен, тұлға сахнада да, күнделікті өмірде де әрекет ететін адам, ал бейнелеу, бұл – өзін немесе өзгені көрсету, өзге үшін әрекет ету, өзге үшін оның атынан әрекет ету. Түсінік әр жағдайда әр түрлі айтылады: өкіл, орынбасар, билеушінің өкілі, сенімді өкіл, депутат, прокурор және т.с.» (Гоббс, 1985) [20]. Демек, тұлға түсінігінің негізгі түп-төркіні өнер саласынан келген және бетперде мағынасына келеді. Сонымен қатар, түсінік адамның бет-бейнесі мен сыртқы келбетімен тығыз байланысты.

И. Канттың тұлға және оның «Адамзат формуласындағы» орны туралы идеялары нормативті этика бойынша заманауи пікірталастарда маңызды рөл атқарады. Ойшыл тұлға ұғымын моральды императив негізінде қарастырады. Оның идеялары моральдың формальды және материалды қағидалары, оның рөліне қызығушылық негізіндегі өнегелі өмір сүру сезімі болып табылады. Кант идеялары арасындағы адамдар мен адамгершілік міндеттеріне сыйластықпен қарау пікіріне ерекше назар аударылады (II бөлім). Канттың сыни моральдық философиясы этикамен сабақтастығы негізінде рационалдылық ықтияры арқылы моральды императивпен бірге моральдың аналитикалық көрінісін береді. Канттың аналитикалық қозғалысы адамзат пен тұлға идеяларын біріктіре отырып, ойшылдың моральды философия онтологиясын құрады (III бөлім). Философтың адамгершілік сезімі туралы тұжырымдамасы адамдарға сыйластық түсінігін бере отырып, осы құндылықтар талаптарын орындаудың ынталандыру күшін туындатады (IV бөлім). Сондықтан осы үш бөлім Канттың адамгершілік бойынша ойларын

жеткізудегі тұлға туралы идеяларын түсінудің маңыздылығын көрсетеді (Дим, 2009) [21]. Қарап отырғанымыздай, И. Кант тұлға түсінігін практикалық философия арқылы дәйектейді. Сол себепті, тұлға өзін-өзі анықтайтын және жеке ақыл-ой, парасатына сәйкес әрекет жасайтын жаратылыс.

Жалпы әлемдік философияда тұлға түсінігіне байланысты көптеген ойшылдар өз пікірін білдірген. Әрине, бір мақала шеңберінде барлық философиялық тұжырымдамаларды талқылау мүмкін емес екендігін мойындаймыз. Қазақ ойшылдары арасында Абайдың педагогикалық көзқарастарына ерекше мән бергенді жөн санап отырмыз.

Ұлы Абайдың шығармаларында педагогикалық теория мен тәжірибенің негізгі жалпыадамзаттық мәселелері көрініс тапқан. Абай арнайы философиялық және педагогикалық еңбектер жазбаса да, оның барлық шығармашылығы жастар тәрбиесіне негізделе отырып халықтың адамгершілік құндылықтары мен даналығына сүйенеді. Еңбектері қазақ ұлттық интеллигенциясының өкілдері ақындар мен композиторлар шығармашылығына ықпал жасап, Шығыс пен Батыс халықтарының қоғамдық ойлары жетістіктерін насихаттаудан тұрды.

Бүгінде Абайдың адамгершілік қағидалары мен құндылықтарын қалыптастырудағы ойлары өмір процесіндегі діни мораль туралы ілімдерін айқындауға септігін тигізуде. Абайдың пікірінше, адам дайын тұлғалық сапалық белгілермен дүниеге келмейді. Адамгершілік туралы барлық түсініктер, мінез-құлықтың барлық ережелерін ол өз өмірі мен әрекеті процесінде иеленеді (Уксикбаева, 2013) [22].

Өткен ғасырдың соңғы жылдарындағы әдебиеттерде жазылғандай (Личностно – ориентированное обучение: теории и технологии, 1998) [23]: «Жаңа мыңжылдық алдында тұрған адамзат үшін алдағы уақытта технократизм дәуіріне қарағанда, рухани еркіндік пен тұлғаның тұтастығы ізденісі мен иеленуі жүреді. Бүгінде қоғам мен мәдениет дағдарысынан шығу жолы ең алдымен білім беру дағдарысын еңсеру, оның жаңа құндылықтары мен мақсаттарын жүзеге асырудың құралдарын айқындаумен байланысты. Мұндай сын-тегеуріндерге жауап ретінде пайда болған білімнің тұлғалық-бағдарлы парадигмасы жаңа пайымдауларды туындатып, гуманистік философия, психология, педагогика идеяларын жаңа сатыға көтереді.

Бұл парадигманың мәні адам білімділігінің көрсеткіші саналған оның білімінің көлемін

анықтайтын «энциклопедизм» тұжырымдамасынан, білімнің басым мақсаты ретінде адамның табиғатқа билік жүргізуін қамтамасыз ететін әрекет тәсілдерін игеру, білімді адамның тұрмыстық жағына назар аударту, өз болмысы ахуалын еркін иелену дағдысын дамыту секілді т.б. технократизм идеяларынан бас тарту болып табылады.

Білім берудің жаңа парадигмасы әлемдік мәдениеттегі терең түбірге ие. Ол бұрынырақ И. Кант тұжырымдаған категориялық императив идеясының негізінде дамуда.

Бұл тәсілдің мәнін түсіну және тәжірибеде қолдану барысында ұстаз жаңа білім беру парадигмасын сипаттаушы тұлғалық-бағдарлы оқыту идеясын өзі үшін маңызды екенін ұғынуы керек. Оны игерудің негізінде шет елдік және отандық психологиядағы тұлға теориясы мен психологиялық деректерді білу жатады.

Тұлғалық-бағдарлы тәсілдің қайнар көзі психологияның «үшінші күші» саналған, XX ғасырдың 50-жылдары пайда болған, бехевиоризм мен психоанализ бағыттарына өздерін қарама-қарсы деп есептеген психология ғылымдарының саласы гуманистік психологияда жатыр. Гуманистік бағытталу негізіне сәйкес адам әлеуетін дамыту, оның сөзсіз құндылығын тану, ағзаның ішкі тәжірибесін тұлға және оның өзгерістерін зерттеу үшін қозғалыстар құрылды. Н.Н. Никитинаның [23] редакциялық басқаруымен жарыққа шыққан еңбекті негізге ала отырып, психологиядағы аталмыш ағымның негізін қалаушылар А. Маслоу мен К. Роджерс идеяларын талдасақ.

Абрахам Маслоу тұлға теориясының гуманистік бағытының танымал өкілі болып табылады. Оның қалыптастырған теориясы гуманистік психологияға тән негізгі идеялар мен жағдайларды көрсетеді: адам өмірін оның жоғары ұмтылыстарын назарға алу арқылы түсінуге болады: өсу, өзін-өзі таныту, денсаулыққа, өзін-өзі реттеуге, тиімді қызметке талпыну, бірегейлік пен дербестік ізденісі, кереметті аңсау «жоғарыға» ұмтылу ретінде, дамуға үлкен тұлғалық әлеуетінің болуы.

А. Маслоудың пайымдауынша, ең алдымен нақты мезгілде және кеңістікте жеке адам болмысының бірегейлігін түсіну керек. Әрбір адам өз өмірін мағынамен толықтыруды міндет етеді. Бұл тұста әрбір адам өз әрекетіндегі таңдауына жауапты екендігі айтылады.

Ғалым мәселе бойынша көптеген қорытындылар шығару арқылы тұлғаның өзін-өзі актуалдандырудың мынадай сипаттамаларын ұсынады:

- шынайылықты тым тиімді қабылдау;
- өзін, өзгелерді және табиғатты қабылдау;
- өзінділік, қарапайымдылық және жара-тылыстық;
- мәселеге орталықтана бағытталу;
- тәуелсіздік, жалғыздық қажеттілігі;
- дербестік: мәдениет пен қоршаған ортадан тәуелсіздігі;
- қабылдаудың балғындығы;
- шыңына жеткен немесе мистикалық алаңдаушылық;
- қоғамдық мүдде;
- терең тұлғааралық қатынастар;
- демократиялық мінез;
- құралдар мен мақсаттарды жіктеу;
- тұтастай адамның ақымақтығы күлкіге айналатын әзілді философиялық сезіну;
- креативтілік;
- мәденилендіруге қарсылық.

Гуманистік психологияны жақтаушылар арасында К. Роджерстің еңбектері ерекше қолдау тапты. Карл Роджерс адам табиғатына байланысты өз ойларын айта келе, адамның құнды мағынасы оның айқындалған мақсаттар үшін алға жылжу, конструктивтілік, шынайылық пен сенімділікке бағытталуында жатыр. Ол адамды белсенді жаратылыс иесі ретінде атап көрсетті және олар жеке мақсаттарға бағыттала әрекет етеді және ұмтылыс жасауға қабілетті.

Ғалым өз зерттеулерінде бес негізгі тұлғалық сипаттамаларды айқындады:

- алаңдаушылықтарға ашықтығы;
- өмірдің экзистенциалдық кейпі;
- ағзалық сенімділік;
- эмпирикалық еркіндік;
- креативтілік.

Роджерстің тұлғалық теориясы терапиялық тәжірибенің үздіксіз өзара әрекеті көмегімен дамыды. Оның ішінде ең маңыздысы – Роджерстің жеке тәжірибесі болып табылады: зерттеушінің ойынша, жеке тәжірибе негізінде құрылған тәжірибе айыптаулардан аластайды. Негізінен К. Роджерстің тұлға теориясы жалғасқан тәжірибелер мен зерттеулер барысында үнемі өзгеріп отырады. Әрине, теорияның негізгі бағыттары өзгермейді, дегенмен, теорияның құрылым мен ұйымдастырылуында өзгерістер орын алып тұрады (Артлей, 1964) [24].

Ғылыми әдебиеттерде тұлғалық-бағдарлы педагогиканың келесі қағидалары ұсынылады:

- индивид үнемі ауыспалы әлемнің ортасында жүргендіктен, әрбір индивид үшін қоршаған шынайылықтың жеке дүниесі маңызды; бұл ішкі дүние сырттан аяғына дейін танылмайды;

– адам қоршаған шынайылықты жеке қабылдау мен түсіну аралық әсерімен қарайды;

– адам өзін-өзі тану және өзін-өзі танытуға ұмтылады; адам өзін-өзі кемелдендірудің ішкі қажеттіліктерін иеленген;

– тұлғаның дамуы үшін қажетті өзара түсінушілік қатынастар нәтижесінде жетеді;

– өзін-өзі жетілдіру, даму орта және өзге адамдармен өзара қимылдар негізінде жүзеге асады. Ішкі бағалау адам және оның өзін-өзі тануы үшін маңызды, тікелей немесе жасырын байланыстар нәтижесінде жүзеге асады (Подольская, 2010) [25].

Қоғамның қазіргі даму шарттарында жоғары оқу орындары алдында студенттерді жан-жақты дамыту міндеті тұр. Сондықтан оқыту студенттердің рухани дүниетанымы мен зияткерлік әлеуетін дамытуды қамтамасыз етуі тиіс. Заманауи кезеңдегі ақпараттық технологиялардың дамуы оқытушылар қауымы жұмысына бірқатар мазмұнды мүмкіндіктер береді. Жоғары оқу орындарындағы оқытудың жаңа тәсілдері қабілеті әр түрлі студенттерді оқытумен қатар, дәрістер мен тәжірибелік сабақтарда білімгердің тұлғалық құндылығын бекітетін оқытудың тұлғалық-бағдарлы үлгісіне бағытталған шығармашылық ахуал қалыптастырады. Жоғары оқу орнындағы рухани тәрбиелеу әрбір тұлғаны сыйлау қағидасы мен оның рухани әлеуеті мазмұнын арттыру әлемдік мәдениет жетістіктерін түсіндірумен өлшенеді деп ойлаймыз.

Оқытудағы тұлғалық-бағдарлы тәсіл – педагогтың адам жинақылығына назар аудару, оның тек ақыл-парасат, азаматтық жауапкершілік сезімін дамытуға қамқорлық қана емес, рухани тұлғаның эмоционалды, эстетикалық, шығармашылық ерекшеліктерін дамыту мүмкіндігі.

Тұлғалық-бағдарлы оқытудың мақсаты – жеке адамның дамуына толыққанды шарттарды жасаудың келесі қызметтерін атқаруға себепкер болу:

– адамның таңдауға қабілеттілігі;
– рефлексиялық икемділік, өз өмірін бағалау;

– өмір мәні ізденісі, шығармашылық;

– «Мен» бейнесін қалыптастыру;

– жауапкершілік («Мен барлығына жауап беремін» ұстанымына сәйкес);

– тұлғаның дербестігі (дамуына байланысты ол өзге факторлардан босайды).

Тұлғалық-бағдарлы білімде оқушы – барлық білім беру процесінің маңызды әрекет етуші

тұлғасы. Ұстаз «ақпараттың қайнар көзі» және «бақылаушымен» қатар, оқушының тұлғалық дамуындағы диагносшы және көмекші болып табылады. Мұндай оқу процесін ұйымдастыру басшылықтың М. Монтессоридан алынған «Маған мұны өзім жасауыма көмектес» тұжырымдамасын алуға болады.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру барлық білімгерлердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқыту, тәрбиелеу мен дамытуды көздейді:

– жас ерекшелік, физиологиялық, психологиялық, зияткерлік;

– білім беру қажеттіліктері, білімгерге қолжетімді бағдарламалық материалдардың күрделілік деңгейіне бағдарлау;

– топ білімгерлерін білім, қабілетіне байланысты бөлу;

– білімгерлерді бірыңғай топтар бойынша бөлу: қабілеті, кәсіби бағыттары;

– әрбір білімгерге бірегей жеке адам ретінде қатынас [26].

Сәйкесінше, тұлғалық-бағдарлы білім өмірлік мәселелерді сәтті шешу, әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтау, рухани, отбасы, қоғамдық, өндірістік өмір салаларында жағымды жетістіктерге жетудің шынайы алғы-шарты болып табылатын адамның табиғи ерекшеліктері, оның әлеуметтік сипаттары, адамгершілік-эстетикалық мәдениетіне бағытталады (Масленникова, 2007) [27].

Жалпы білім берудің бұл түрінің дәстүрлі білім беруден ерекшеліктерін төмендегі кестеден көруімізге болады [26].

Сондықтан рухани-адамгершілік тәрбиелеу процесіндегі тұлғалық-бағдарлы оқыту өзін-өзі дамыту, білімді жеке игеру, өз қабілеттері, бақылауларын тәжірибеде қолдану, жаңа идеялар мен теорияларды қалыптастыру, шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға септігін тигізеді. Білімгерлер арасында жеке жауапкершілік пен ерекше қабілеті көріне түседі. Ең бастысы тұлғалық қабілеттердің дамуына ерекше мүмкіндіктер жасалады.

Ж. Эррикер мұғалімдерге өз саласында көмек беру мақсатында нақты мәселелер төңірегінде тәжірибелік мағына иелену үшін мынадай дағдылар ұсынады:

– жеке эмоциялары туралы ойлану;

– өзін-өзі тану (әрекетті не үшін жасайтынын түсіну);

– нәтижелерін түсіну;

– өзін-өзі сынау (өзіндік жеке қағидаларға сәйкес);

– өзін-өзі бақылау;

- өзгелердің эмоциялары туралы ойлану;
- эмпатия;
- өзгелерді сынау (өзіндік жеке қағидаларға сәйкес);
- өзгелер бұл әрекеттерді неліктен жасайтындығын түсіну;
- қатынастарды тану;
- айырмашылықтарды тану;
- әлеуметтік дискурс күрделілігін тану (Эрриккер, 1999) [28]. Міне, осы дағдыларды болашақ мұғалімдер даярлау барысында қабілеттеріне сіндірсек, нәтижелі жұмыс болатындығы анық.

1-кесте – Дәстүрлі білім берудің ерекшеліктері

Онтологиялық аясы	Белсенділік түрі	Ішкі қажеттіліктер	Қалыпты шарты	Сыни ахуалдың түрі
«Витальдылығы»	Ағзаның тіршілік әрекеті	Мұнда және қазір қанағаттандыру	Өмірлік игіліктердің тікелей болмысы	Күйзеліс
Бөлек өмірлік қатынас	Әрекетшілдік	Түрткілерді жүзеге асыру	Қиындық	Фрустрация
Ішкі дүние	Сана	Ішкі келісімділік	Күрделілік	Қақтығыс
Өмір бүтіндік, тұтастық ретінде	Ерік	Өмірлік ойды жүзеге асыру	Қиындық пен күрделілік	Дағдарыс

Дж. Адельсон еңбегінде мұғалімдерді өз мамандығын, оқушылары мен білім беру мекемелерін ұнату дәрежелері бойынша айқындайды. Мұғалімдердің біртөбы үздік кәсіби біліммен қаруланған, аса зор құлшыныспен студенттерге білімді харизмалық ерекше дарындылықпен сіндіретін ұстаздар ретінде сипатталады. Көп жағдайда мұғалім және нашар ақпараттанған оқушы арасында байланыс әлсіз болады. Фасилитатор рөліндегі мұғалім студентке бағдарланған жұмыс жасап, білімгерлердің өз әлеуетін дамытуын ынталандыруы керек. Ғалымның пайымдауынша, мұндай рөл студенттерге деген үлкен қамқорлық пен мамандығына адалдықты талап етеді. Мұғалімдердің келесі тобы мекеме немесе идеяларды мойындайтын ұстаздар қауымынан тұрады. Мұндай мұғалімдер белгілі бір құндылықтар жүйесін ынтамен білімгерлер арасында насихаттауы мүмкін. Бірақ, бұл оқушылардың кездейсоқ жағдайларға дайындығын төмендетіп, олардың жеке пікірлер қабілетін шектейді (Адельсон, 1961) [29]. Зерттеушінің өз қорытындыларында мұғалімдердің ұнату, қалау өлшемін қарастыруы негізгі артықшылығы деп есептейміз. Демек, болашақ мұғалімдерді тұлғалық-бағдарлы оқыту барысында өз мамандығын ұнату дағдысын қалыптастыруға баса назар аудару қажет.

Бірақ, қазіргі нарықтық заман шарттарында мамандықтың мәртебелігін бағалау бар екендігін де ұмытпағанымыз жөн. Философия ғылымдарының докторы, профессор Л.П. Литвиновтың пікірінше: «Болашақ мамандардың

дүниетанымдық сенімін қалыптастырудағы мәселелердің бірі болып табылатын қоғамдағы дүниетанымдық ахуал белгісіздігінің сақталуы барысында туындайтын кәсіптік қызмет мәртебелілігінің төмендеуі, олардың және отбасы мүшелерінің әлеуметтік қорғалуының сенімді тетіктерінің болмауы қиындықтар туғызады. Мұның барлығы моральды-психологиялық ахуалды нашарлатады, қызметтік міндеттерді адал әрі сапалы орындаудың кәсіптік ынталандырылуын төмендетеді... Айқындалған дүниетанымдық ұстанымдар негізінде күштерді белсенді пайдалануды ұйымдастыру, кәсіби топтарды сипаттайтын құндылықтар, мақсаттар, эталондар, нормалар мен стандарттар жүйесіндегі қажеттіліктерді қабылдау және игеру, халықтық шаруашылықтың кез келген саласындағы өз қоғамдық және мемлекеттік міндеттерінің моральды-психологиялық және еңбек дайындығы жүзеге асырылады, кәсіби өзін-өзі анықтауы қалыптасады. Жастардың әлеуметтік және идеялық-адамгершілік жетілуі олардың зияткерлік және дене дамуынан артта қалса да, олар болашақ кәсіби қызметін, оның ішінде болашақ мамандығын тек жеке мүддесін қанағаттандыру үшін ғана емес, қоғам мен Отан мүддесі үшін қызмет етуді саналы түрде қабылдайды» (Литвинов, 2013) [30]. Сондықтан тұлға өз кәсіби мамандығының әсіре жанкүйері болса да, прагматикалық және рационалдық көзқарастар бойынша өз кәсібінің жемісін де көруі керек.

Мұғалім әрекеттерін толық түсіну үшін олардың оқушымен дәнекерлік рөліне ерек-

ше назар аудару қажет. Мұғалімдердің жеке әрекеті мен білім беруге араласуы да ұстаз тұлғасына бағынышты. Дегенмен, шет елдік зерттеулердің бірінде профессорлар оқытуға байланысты қорқыныштарының барлығын жасырмай, білімгерлермен өзара байланыстар барысында студенттік презентацияларға көп мән беретіндігі дәйектелген (Хоуликан және т.б., 2009) [31]. Әрине, мұның барлығы тұлғалық-бағдарлы оқыту аясында өз жемісін беретіні анық. Бүгінде біздің қоғамға өз білімін әрі қарай шығармашылық тұрғыдан жетілдіретін, рухани көзқарас қалыптастыруға қабілетті мұғалімдер қажет. Жоғары мектеп білетін маманнан бұрын сол білгенін тәжірибе жүзінде көрсете алатын, қолынан іс келетін болашақ мұғалімдерді тәрбиелеуі тиіс. Сондықтан адам бойында қалыптасқан педагогикалық құндылықтар болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту арқылы білімгерлер санасында құндылық бағытындағы тұлғалық қабілетті қалыптастыруға себепкер болады және болашақ ұстаздың кәсіби мәдениетінің негізін қалайды деп ойлаймыз.

Қорытынды

Жоғарыда нақты қарастырылған тұжырымдамалық идеялар тұлға теориясының философиялық, педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық түсініктеріне қатысты тек қысқа бөлігі ғана талданды. Зерттеу жұмысы барысында тұлға теориясының қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша заманауи

тұжырымдамаларының шеңбері айқындалды. Тұлға теориясын түрлі тұжырымдамалық көзқарастар негізінде қарастыру берілген дискурстың деңгейін кеңейте алады.

Жалпы тұлға түсінігінің философиялық, педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық тұжырымдамалары жан-жақтылығымен сипатталады. Барлығының ортақ пікірі – тұлғаның еркін дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардағы тұлға түсінігінің сипаттамалары ұғымды тұтастай қарауға және әлеуметтік әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді.

Біздің пайымдауымызша, жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесі барысындағы тұлғалық-бағдарлы оқытуда көптеген шарттар орындалуы тиіс. Біріншіден, барлық оқу материалдары жеке тәжірибеден өтуі керек. Екіншіден, оқу материалдарын байыту барысында әрбір білімгердің жеке тәжірибесінде алынған нәтижелерді үнемі бақылап, енгізіп отырғанды дұрыс көреміз. Үшіншіден, оқу-тәрбие процесінде студенттердің тәжірибесін ғылыми тұрғыда негіздеп отыру қажет. Төртіншіден, оқу процесінде білімгерлердің білімін арттыру және дамыту мақсатында жеке ойларын айту дағдысын қалыптастыруға ұмтылған жөн. Бесіншіден, оқытушы өзі жүргізетін пәнді студенттердің игеруі жағдайында тұлғаның дамуымен санасуы керек. Алтыншыдан, әрбір жоғары мектеп оқушысының қабілеті, икемділігі мен мүмкіндіктерін ашу үшін тиімді оқу, рухани-адамгершілік ортаны қалыптастыру қажет деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Evans, K. M. Research on teaching ability // *Educational Research*. – 1959. – № 1:3. – P. 22-36.
- 2 Goldberg, L. R. The development of markers for the Big-Five factor structure // *Psychological Assessment*, 1992. 2 #4. – P. 26-42.
- 3 Lima, A. L. G., Catani, D. B. «What kind of student is this?»: psychology, pedagogy and teacher training // *Revista Brasileira de Educação*, 2015. – V. 20:62. – P. 571-593.
- 4 Yachina, N. The Problem Of Spiritual And Moral Formation Of Personality // *Procedia - Social and Behavioral Sciences*, 2015. – V. 197. – P. 1575-1579.
- 5 Rodermel, T. A., Stepanova, S. N. The problems of interference of the mechanisms of the personality socialization and universal values // *Procedia - Social and Behavioral Sciences*, 2015. – V. 166. – P. 204-208.
- 6 Nunner-Winkler, G. Personal Identity: Philosophical Aspects // In J.D. Wright (Ed.), *International Encyclopedia of the Social & Behavioral Science* / 2nd ed.. – 2015. – Pp. 742-749. Elsevier.
- 7 Grubbs, J. B., Wilt, J., Stauner, N., Exline, J. J., Pargament, K. I. Self, struggle, and soul: Linking personality, self-concept, and religious/spiritual struggle // *Personality and Individual Differences*, 2016. – V.101. – P. 144-152.
- 7 Howell, G. T., Zelenski, J. M. Personality self-concept affects processing of trait adjectives in the self-reference memory paradigm // *Journal of Research in Personality*, 2017. – V. 66. – P. 1-13.
- 8 Ashton, M. C. Chapter 4-Developmental Change and Stability of Personality // In *Individual Differences and Personality* / 3d ed. – Academic Press, 2017. – Pp. 85-106
- 9 Alvarez-Segura, M., Echavarría, M. F., & Vitz, P. C. A psycho-ethical approach to personality disorders: The role of volitionality // *New Ideas in Psychology*, 2017. – V. 47. – P. 49-56.

- 10 Göncz, L. Teacher personality: a review of psychological research and guidelines for a more comprehensive theory in educational psychology // *Open Review of Educational Research*, 2017. – V. 4:1. – P. 75-95.
- 11 Cervone, D., Little, B. R. Personality architecture and dynamics: The new agenda and what's new about it // *Personality and Individual Differences*, 2017.
- 12 Bandura, A. A social cognitive theory of personality. In L. Pervin & O. John (Eds.), *Handbook of personality* (2nd ed., pp. 154-196). New York: Guilford, 1999.
- 13 Lutz, S., & Huitt, W. Connecting cognitive development and constructivism: Implications from theory for instruction and assessment // *Constructivism in the Human Sciences*, 2004. – V. 9. – P. 67-90.
- 14 Cardoso, A. P., Ferreira, M., Abrantes, J. L., Seabra, C., Costa, C. Personal and Pedagogical Interaction Factors as Determinants of Academic Achievement // *Procedia - Social and Behavioral Sciences*, 2011. – V.29. – P.1596-1605.
- 15 Fromberg, D. The Intuitive Mind and Early Childhood Education // In B.Torff & R.Sternberg (Eds.) *Understanding and Teaching the Intuitive Mind* Mahwah: Lawrence Erlbaum Associates. 2001. – P. 93-114.
- 16 Pitkin, H. F. The Concept of Representation California. – California: University of California Press, 1967. – P. 323.
- 17 Boethius. *Contra Eutychen et Nestorium* Create. – Space Independent Publishing Platform. 2014. – P. 36.
- 18 Асмус В.Ф. Декарт. – М.: Высшая школа, 2006. – 335 с.
- 19 Гоббс Т. Сочинения: в 2 т. – Т. 2. – М.: Мысль, 1985. – 736 с.
- 20 Deem, M. J. The Idea of Personality in Kant's Moral Philosophy. Submitted to the Office of Graduate Studies of Texas A&M University in partial fulfillment of the requirements for the degree of master of arts. – 2009. – Pp. 55.
- 21 Уксикбаева М.Т. Абай Кунанбаев о проблеме нравственного воспитания // *Вестник Инновационного Евразийского университета*. – 2013. – №3. – С. 57-60.
- 22 Личностно ориентированное обучение: теории и технологии / Под ред. Н.Н. Никитиной. – Ульяновск: ИПК ПРО, 1998. – 104 с.
- 23 Artley, D. Major Philosophical Implications of Carl Rogers' Theory of Personality. Master's Theses. A Thesis Submitted in Partial Fulfillment of the Requirements of the Degree of Master of Arts. 1964.
- 24 Подольская Е.А. Педагогика и психология высшей школы. – Харьков: Издательство НУА, 2010. – С. 126-127. – 316 с.
- 25 Личностно-ориентированный подход в преподавании // [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.psychologos.ru/articles/view/lichnostno-orientirovannyy-podhod-v-prepodavanii> (дата обращения: 13.10.2017)
- 26 Воспитание социально-ориентированной личности: Монография // В.Ш. Масленникова, Л.М. Аболин, Ф.Г. Мухаметзянова, Г.А. Шайхутдинова, Н.М. Учарова, В.Р. Шамсутдинова, А.В. Павлинова, Е.А. Афанасьева. – Казань: Данис ИПП ПО РАО, 2007. – С. 34. – 175 с.
- 27 Erricker, J. Teachers Developing Spiritual and Moral Education // *Teacher Development*, 1999. – 3:3. – Pp. 383-396.
- 28 Adelson, J. The teacher as a model // *American Scholar*, 1961. – V. 301. – P.383-406.
- 29 Литвинов Э.П. Личность и её мировоззренческие основы // [Электронный ресурс]. Электронное научное издание *Альманах Пространство и Время*. 2013. – Т. 2., Вып. 1. – URL: <http://e-almanac.space-time.ru/assets/files/Tom%202%20Vip%201/rubr3-kategoriya-smysla-st2-litvinov-2013.pdf> (дата обращения: 13.10.2017)
- 30 Houlihan, M., Fraser, I., Fenwick, K. D., Fish, T., Moeller, C. Personality effects on teaching anxiety and teaching strategies in university professors // *The Canadian Journal of Higher Education*, 2009. – V.39. – P. 61-72.

References

- 1 Adelson, J. (1961). The teacher as a model. *American Scholar*, 301, 383-406.
- 2 Alvarez-Segura, M., Echavarria, M. F., & Vitz, P. C. (2017). A psycho-ethical approach to personality disorders: The role of volitionality. *New Ideas in Psychology*, 47, 49-56.
- 3 Artley, D. (1964). Major Philosophical Implications of Carl Rogers' Theory of Personality. Master's Theses. A Thesis Submitted in Partial Fulfillment of the Requirements of the Degree of Master of Arts.
- 4 Ashton, M. C. (2017). Chapter 4-Developmental Change and Stability of Personality. In *Individual Differences and Personality* (3d ed., pp. 85-106). Academic Press
- 5 Asmus V.F. (2006) *Dekart* [Descartes]. (p. 335). Moscow: Vysshaja shkola.
- 6 Bandura, A. (1999). A social cognitive theory of personality. In L. Pervin & O. John (Eds.), *Handbook of personality* (2nd ed., pp. 154-196). New York: Guilford.
- 7 Boethius. (2014). *Contra Eutychen et Nestorium* (p. 36). CreateSpace Independent Publishing Platform.
- 8 Cardoso, A. P., Ferreira, M., Abrantes, J. L., Seabra, C., & Costa, C. (2011). Personal and Pedagogical Interaction Factors as Determinants of Academic Achievement. *Procedia – Social and Behavioral Sciences*, 29, 1596-1605.
- 9 Cervone, D., & Little, B. R. (2017). Personality architecture and dynamics: The new agenda and what's new about it. *Personality and Individual Differences*, xxx, xxx-xxx.
- 10 Deem, M. J. (2009). The Idea of Personality in Kant's Moral Philosophy. Submitted to the Office of Graduate Studies of Texas A&M University in partial fulfillment of the requirements for the degree of master of arts (pp. 55).
- 11 Erricker, J. (1999). Teachers Developing Spiritual and Moral Education. *Teacher Development*, 3:3, pp. 383-396.
- 12 Evans, K. M. (1959). Research on teaching ability. *Educational Research*, 1:3, 22-36.
- 13 Fromberg, D. (2001). The Intuitive Mind and Early Childhood Education. In B.Torff & R.Sternberg (Eds.) *Understanding and Teaching the Intuitive Mind* (pp. 93-114). Mahwah: Lawrence Erlbaum Associates.

- 14 Goldberg, L. R. (1992). The development of markers for the Big-Five factor structure. *Psychological Assessment*, 4, 26-42.
- 15 Göncz, L. (2017). Teacher personality: a review of psychological research and guidelines for a more comprehensive theory in educational psychology. *Open Review of Educational Research*, 4:1, 75-95.
- 16 Grubbs, J. B., Wilt, J., Stauner, N., Exline, J. J., & Pargament, K. I. (2016). Self, struggle, and soul: Linking personality, self-concept, and religious/spiritual struggle. *Personality and Individual Differences*, 101, 144-152.
- 17 Hobbes T. (1985) *Sochinenija: v 2 t.* [Compositions: in 2 t.]. (pp. 736). Moscow: Mysl'.
- 18 Houlihan, M., Fraser, I., Fenwick, K. D., Fish, T., & Moeller, C. (2009). Personality effects on teaching anxiety and teaching strategies in university professors. *The Canadian Journal of Higher Education*, 39, 61-72.
- 19 Howell, G. T., & Zelenski, J. M. (2017). Personality self-concept affects processing of trait adjectives in the self-reference memory paradigm. *Journal of Research in Personality*, 66, 1-13.
- 20 Lima, A. L. G., & Catani, D. B. (2015). «What kind of student is this?»: psychology, pedagogy and teacher training. *Revista Brasileira de Educação*, 20:62, 571-593.
- 21 Lichnostno orientirovannoe obuchenie: teorii i tehnologii [Personally oriented learning: theory and technology] (1998) In N.N. Nikitina (Ed.). (pp. 104). Ulyanovsk: IPK PRO.
- 22 Lichnostno-orientirovannyj podhod v prepodavanii [Personality-oriented approach in teaching]. Electronic resource, <http://www.psychologos.ru/articles/view/lichnostno-orientirovannyj-podhod-v-prepodavanii> (13.10.2017)
- 23 Litvinov E.P. (2013) Lichnost' i jej mirovozzrencheskie osnovy [Personality and its Worldview Foundations]. Electronic resource, Electronic Scientific Edition *Almanac Space and Time*, T. 2, Iss. 1. URL: <http://e-almanac.space-time.ru/assets/files/Tom%202%20Vip%201/rubr3-kategoriya-smysla-st2-litvinov-2013.pdf> (13.10.2017)
- 24 Lutz, S., & Huitt, W. (2004). Connecting cognitive development and constructivism: Implications from theory for instruction and assessment. *Constructivism in the Human Sciences*, 9, 67-90.
- 25 Nunner-Winkler, G. (2015). Personal Identity: Philosophical Aspects. In J.D. Wright (Ed.), *International Encyclopedia of the Social & Behavioral Science* (2nd ed., pp. 742-749). Elsevier.
- 26 Pitkin, H. F. (1967). *The Concept of Representation* (p. 323). California: University of California Press.
- 27 Podolskaya E.A. (2010) *Pedagogika i psihologija vysshej shkoly* [Pedagogy and psychology of the higher school]. (pp. 316). Kharkov: NUA Publishing House.
- 28 Rodermel, T. A., & Stepanova, S. N. (2015). The problems of interference of the mechanisms of the personality socialization and universal values. *Procedia – Social and Behavioral Sciences*, 166, 204-208.
- 29 Vospitanie social'no-orientirovannoj lichnosti [Educating a socially-oriented person] (2007) In V.Sh. Maslennikov, L.M. Abolin, F.G. Mukhametzyanov, G.A. Shaikhutdinov, N.M. Ucharov, V.R. Shamsutdinov, A.V. Pavlinov, E.A. Afanasyev (Eds.). (pp. 175). Kazan: Danis IPP PO RAO.
- 30 Uksukbaeva M.T. (2013) Abaj Kunanbaev o problemen ravstvennogo vospitaniya [Abai Kunanbayev about problems of moral education]. *Journal of Innovative University of Eurasia*, no 3, pp. 57-60.
- 31 Yachina, N. (2015). The Problem Of Spiritual And Moral Formation Of Personality. *Procedia – Social and Behavioral Sciences*, 197, 1575-1579.

Әлқожаева Н.С.¹, Әлқожаева А.С.², Ертисова С.Б.³

¹доцент, e-mail: nursulu.algozhayeva@kaznu.kz

²оқытушы

³оқытушы, e-mail: saltalek@mail.ru

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мақала адамдардың жоғары даму деңгейін көрсететін, толық жетілу, яғни рухани құндылықтарға арналған. Руханилық табиғаты жағынан құрылым емес, ол еріктілік және жауапкершілік деп тұжырым жасалған. Сондықтан да авторлар, тек материалдық қажеттіліктермен шектелген адамдарды рухани құндылықтар алып шығады деген ой түйеді.

Рухани құндылықтар күнделікті тұрмыстық жағдайдағы іс-әрекеттерден тыс, рухани әрекеттер жасауға ынталандырады деген пікірлерге тоқталған. Сонымен қатар, жеке еркіндікті сезіне отырып, жауапкершіліктің алғы шарты ретінде көрініс береді.

Рухани құндылықтар өркөкіректік, ашулану, жек көрушілік, көреалмаушылық, біреуге тәуелді болу сияқты қасиеттерден бас тарту дегенді білдіреді. Адамдар өзі қаламаған нәрсені басқа адамдарға да қаламауы және жасамауы да керек. Кішіпейіл, сүйіспеншілікті, жанашығыш, түсіністікпен қарайтын, жомарт, адал болу – мұның бәрі рухани құндылық. Руханилық күнделікті өмір сүру барысында көрініс табады, ол адамдарға бейбіт өмір, қуаныш сыйлайтындай өзіндік үйлесімділікпен жүзеге асырылуы тиіс. Авторлардың пікірінше, әркім өзінің мүмкіндігіне сай жақсылық жасауда, жақса ортада өмір сүру үшін оның соған деген мықты ерік-күші, сенімділігі болуы тиіс.

Түйін сөздер: құндылық, руханилық, рухани құндылық, жастар, қасиет, адам, мәдениет және т.б.

Algozhaeva N.C.¹, Algozhaeva A.C.², Epticova C.B.³

¹associate Professor, e-mail: nursulu.algozhayeva@kaznu.kz

²Lecturer

³Lecturer, e-mail: saltalek@mail.ru

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

Formation of Spiritual-moral Values at Youth

The paper is dedicated to the spiritual values of a person that attest to his highest level of development, about personal maturity. Spirituality by its nature is not so much a structure, but a way of human existence, which includes responsibility and freedom. Therefore, the authors believe that these values help each person to escape from an environment of isolation limited only by material needs.

It is important to note that spiritual values motivate a person to commit certain actions, radically different from ordinary, down-to-earth. In addition, they act as a prerequisite for responsibility, granting personal freedom, infinity.

Spiritual values mean rejection of pride, greed, anger, hatred, envy and addictions. Anything that we do not like, in any case, we should not do with others. To be kind, helpful, compassionate, loving, caring, and understanding, honest – all spiritual values. Spirituality has much in common with how we lead our lives and those qualities that can give us peace, harmony and joy. According to the authors there should be a strong will and conviction to always do good things, have a good company, do everything well to the best of their abilities.

Key words: value, spirituality, spiritual value, youth, quality, a person, culture, etc.

Алгожаева Н.С.¹, Алгожаева А.С.², Ертисова С.Б.³

¹доцент, e-mail: nursulu.algozhayeva@kaznu.kz

²преподаватель

³преподаватель, e-mail: saltalek@mail.ru

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Формирование духовно-нравственных ценностей у молодежи

Духовные ценности личности, проявляющиеся в поведении человека, его поступках, свидетельствуют о высшем уровне развития, о личностной зрелости. Духовность по своей природе является не сколько структурой, а способом человеческого существования, включающего в себя ответственность и свободу. Поэтому авторы считают, что именно эти ценности помогают каждой личности вырваться из среды изолированности, ограниченной лишь материальными потребностями. Важно отметить, что духовные ценности мотивируют человека на совершение определенных поступков, кардинально отличающихся от обычных, приземленных. Помимо этого, они выступают некой предпосылкой ответственности, даря личностную свободу, безграничность. Духовные ценности означают отказ от гордости, жадности, гнева, ненависти, зависти и зависимостей. Золотое правило духовности – не делай того другим, чтобы ты не хотел, чтобы сделали тебе. Быть добрыми, полезными, сострадательными, любящими, заботливыми, понимающими, честными – все это духовные ценности. Духовность имеет много общего с тем, как мы ведем нашу жизнь, и теми качествами, которые могут дать нам мир, гармонию и радость. По мнению авторов, в жизни должна быть сильная воля и убежденность всегда делать хорошие вещи, иметь позитивных друзей, делать все хорошо, по мере своих возможностей.

Ключевые слова: ценность, духовность, духовная ценность, молодежь, качество, человек, культура и др.

Кіріспе

Рухани құндылық мәселесі біздің ойымызша мәңгілік мәселе, өйткені ол кешегі мен бүгінгінің сабақтастығы. Бұл тұрғысында Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтып өтті. Ол «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тілімізбен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді» (2017), (Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. «Егемен Қазақстан», 12 сәуір) [1] деп ұлттық рухтың ұрпақ бойында қалыптасу керектігін және ол ғұламалардың мұралары негізінде жүзеге асатындығын, соның негізінде жаман әдеттерді жою керек екеніне мән берген.

Мақаланың мақсаты: қазіргі жастардың бойында рухани құндылықтардың қалыптасуын айқындау, ұсыныстар беру

Әдіснамасы мен әдістері: мақаланы жазу барысында философиялық, жалпы ғылыми және нақты ғылыми әдіснама деңгейлері қолданылды, рухани-мәдени тұғыр тұрғысынан сараланды

және тақырыпқа сай ғылыми әдебиеттерге талдау, салыстыру әдістері жүргізілді.

Адам – өз бойында адамзаттық, даналық болмысын жинақтаған тіршілік иесі. Ал тіршілік иесі – әлемдегі сан алуан халықтың, мемлекеттің, этникалық немесе әлеуметтік топтардың, адамдардың ортақ белгілері мен ұқсастықтарын біріктіретін жалпы адамзаттық құндылық түзетін пенде (Әбішев, 1999) [2]. Бұл ұғым ХХІ ғасырда ғана жер бетіндегі бүкіл адамзаттық тұтастық идеясына айналуы тиіс деп санайды ғалымдыр. Рухани жаңғыру мәселесін әркім өзінен бастауы тиіс, яғни ішкі дүниесін тазарту арқылы, өзегін қатайту, соның негізінде санасын өзгерту. Яғни, техника, технология дамуына саналы көзқарас негізінде жаңа ой-пікірін туындату арқылы жаңашыл ойлайтын жеке адамға айналу, бүгінгі күннің сұранысы. Демек рухани құндылықтардың өзін іріктеу, оның ретін дұрыс қоя білу маңызды болып отыр. Жастардың жан дүниесін адами құндылықтар арқылы адамгершілік пен руханилықты берік орнықтыру қажеттігі кезек күттірмейтін мәселе, өйткені өмір салты, рухани мұра, адамгершілік, адами қасиеттер – адам баласының тіршілік құндылығы.

Нәтижелер мен талдау

Құндылықтар туралы алғашқы түсініктер ерте кездегі антика заманында өмір сүрген

Сократтан бастау алды, оның «Игілік» ұғымын талдауы, оған ерекше мән беруі, құндылықты болмысқа жақындатқаны (Нұрмұратов, 2000) [3], дейді зерттеуші С.Е. Нұрмұратов. Сонымен қатар, ғалым «Платон үшін құндылық – өмір сүру. Аристотель үшін құндылық – адамның даналығы, яғни қандай да болмасын құнды нәрсені таба білуі. Софистер үшін құндылық – «Адамның өмірді бағалауы» (Нұрмұратов, 2000). Міне, өзіміз көріп отырғандай, өмір сүру, даналық, бағалы нәрсені таба білу, өмірдің өзі, осы тұрғыдан алып қарасақ, құндылық адамның өмірі, дана болу, ол үшін білім алу, жаңа нәрсені ойлап табу, бағалай білу деп түсінуге болады.

Белгілі философтар Гегель, Кант, Ницше, Кассирер және т.б. мәдениеттің ішкі құрылымынан, жалпы адамзаттық құндылық арқылы адам алдына қойған мақсатына жету жолында өмір сүру негізін құрайтын «мәнділік», «еркіндік», «игілік», «жақсылық» сияқты құндылықтарға ұмтылу қажет екенін атап көрсетті. Мысалы, Э. Кассирер «құндылық – бұл адамның ішкі дүниесінен тыс, мәңгі идеалды әлем» (Кассирер, 1995 : 290-292) [4] – деп түсіндірген. Құндылықтар мәселесін зерделеу ерте кезден бастау алған, ұлы ойшылдар әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Йассауи, Ө. Тілеукабылұлы және т.б. еңбектерінде кеңінен орын алған. Мысалға, әл-Фараби өз заманында «Адам көп нәрсеге мұқтаж болғандықтан, өзіне керегін қоғамдасқан ортадан ғана таба алады. Жеке жан иесі адамдар бірлестігінің арқасында жетіліп, өз қабілетін шыңдай түседі. Осыдан келіп олардың өмір сүру мәні қалыптасады», дей келе, рухани құндылықтар ішінен атап көрсеткен ерекше ұғымы «қайырымдылық» феномені болды. «Қайырымдылық» екі түрлі болады: этикалық және интеллектуалдық. Интеллектуалдық – (жанның) ақыл-парасаттық жағына жататын қайырымдылық – дейді ғұлама. Мәселен, даналылық, парасаттық, ақыл-ойдың тапқырлығы мен ұғымталдық. Ал этикалық қайырымдылық – (жанның) ұмтылу жағына жататын қайырымдылық (Әл-Фараби, 1973 : 215) [5]. Әл-Фарабидің бұл пікірінен құндылық – адам өмірінің бағыт-бағдарын айқындайтын рухани күш екенін айқын байқауға болады. Қазіргі таңда Ресейде, Қазақстанда құндылықтар мәселесіне байланысты көптеген еңбектер жарық көрді. Бұл еңбектерде құндылық мәселелерінің (әлеуметтік, адамгершілік, мәдени, жалпы адамзаттық, рухани, т.б.) мәні мен табиғатына және тәлім-тәрбиелік жақтарына жан-жақты көңіл бөлген. Мәселен, С.Ф. Анисимов (Анисимов, 1983:

253), Л.А. Харисова (Харисова, 2002 : 175) [6-8], А.Б. Здравомыслов (Здравомыслов, 1986 : 31-39) зерттеушілердің еңбектерінде: «құндылық – негізі адам мүдделерінен туындайтын құбылыс. Құндылық – қажеттілік пен сұраныстар немесе мұқтаждықпен астасады» – деген тұжырым жасалған. Рухани-адамгершілік құндылықты Л.А. Харисова рухани мәдениет негізінде қарастырып, төмендегідей жіктеген:

– Танымдық мәдениет (көзқарас, ойлау мәдениеті, білімнің бір тұтастығы, т.б.);

– Адамгершілік мәдениет (жеке адамның жауапкершілігі, кешірімді бола білуі, қайырымдылық, шыдамдылық, т.б.);

– Ұлттық мәдениет (ұлттық сана, ұлттық сезім, ұлттық патриоттық, т.б.);

– Рухани – әлемдік мәдениет (азаматтылық, адам құқы мен міндеті, жауапкершілік, өмір сүру белсенділігі, ұжымшылдық, т.б.);

– Салауатты өмір сүру мәдениеті (экологиялық мәдениет, мәдени-гигиеналық тазалық, сауықтыру, жат қылықтардан аулақ болу, қозғалу, шынығу, спорт, т.б.);

– Дүниетанымдық мәдениет (дін, дінтану, діннің ғылыми негізі, т.б.) (Харисова, 2002 : 175). Бұл көзқарастар адамның әлеуметтік және рухани талап-тілектерінің қалыптасу нәтижесінде жүзеге асырылады. Сондықтан адамзат өз құндылығын қоғамның дамуы барысына қарай бағалап отырады.

Адамның рухани құндылығы оның жоғары деңгейде дамығандығын көрсетеді, яғни толық жетілгендігі. Руханилық өзінің табиғаты жағынан құрылымы емес, адамдардың еркіндік, жауапкершілік тұрғыдан өмір сүруі. Дәл осы қасиеттер жекелеген адамдарды материалдық қажеттілікпен шектелген, құрсалған ортадан алып шығады (Chilana & Dawan., 1998a), (Chilana & Dawan., 2002:39) [9].

Демек, адамдардың жауапкершілік тұрғысындағы еркіндігі, олардың ерік, жігерін шыңдайды. Руханилық – ол адамның өз ерік-жігерін басқара алуы.

Рухани құндылықтар адамдарды күнделікті, тұрмыстық іс-әрекеттерден басқа әрекеттер жасауға ынталандырады. Мысалы, шынайы рухани, материалдық көмек көрсету, адамдарға (табыс болмаған жағдайда да) көмек көрсету үшін, әкімшілікпен келіссөздер жүргізу, бағыт-бағдар беру т.т. (Dhar, Chaturvedi, & Nandan, 2011 : 36, 275-282; Dhar, Chaturvedi, & Nandan, 2013) [10-11].

Рухани құндылықтарды сіңірген адамдар өркөкіректік, ашуланшақ, жек көру, көре алмаушылық, жағымпаздық т.б. жаман

қасиеттерден бас тарту деп түсіндіреді – бір топ шетелдік ғалымдар (Dutt 1998; Gupta., 1989) [12-13]. Кез келген өзімізге ұнамайтын әрекетті басқалардан талап етпеу керек. Егер біз адамдардан мейірімді, кішіпейіл, сүйіспеншілікті, жанашығыш, түсіністікпен қарауды, адал, жомарт болуды қалаған болсақ, ең алдымен әрбір адам сондай қасиетке өзі ие болуы тиіс. Руханилық біздің күнделікті іс-әрекетімізден көрініс табуы тиіс және ол біріншіден, өзіңізге, жақындарыңызға, жалпы барлық адамдарға қуаныш сыйлайтындай өзіндік үйлесімділікпен жүзеге асырылуы тиіс. (Elkins, Hedstrom, Hughes, Leaf, & Saunders, 1988: 5–18) [14].

XX ғасырда әлеуметтанушылар, философтар, ағартушы-педагогтар құндылықтарды жіктеуде өзіндік талдаулар жасады. Мәселен, әлеуметтанушылар мен философтар құндылықтарды жалпы адамзаттың маңызды мәселесі ретінде қарастырды.

Әлеуметтанушылар үшін құндылық – әлеуметтік субъект, қажеттілігі бар, маңыздылығы айқындалған норма. Сондықтан, олардың айқындаған басты құндылықтары:

1. Жалпы адамзаттық құндылықтар: адам өмірі; бостандық; отбасы; қарым-қатынас; адам бақыты; ұрпақ жалғастыру; еңбек ету; табыс; ынтымақтастық; белсенділік; тәуелсіздік; махаббат; зандылық; бейбітшілік; денсаулық.

2. Жоғары сапа деңгейдегі ХХІ ғасыр құндылықтарға: адам құқықтары (конвенция); демократия; азаматтық қоғам; өркениет; әлемдік мәдениет және т.б. жатқызады.

3. Әлеуметтік мәдени құндылықтар қатарына: әлеуметтік орта; статус; тұрмыс; бедел; теңдік; еркіндік; өнер; мәдениет және т.б.

4. Рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтарға: мәдениет, әдебиет, тарих; тіл, дін, діл, ар, ұят, намыс, абырой, парыз, қарыз; дәстүр, әдет-ғұрып, салт; ұлттық дүниетаным; туыстық қатынастар, Отан, Ана, Жер және т.б.

Осы құндылық түрлерінің адам өмірі үшін маңызы зор, әлеуметтік сипатқа ие болып отырғанын топтастыра келе, құндылықтардың рухани-адамгершілік табиғатына назар аударамыз.

Рухани-адамгершілік құндылықтар – нормалармен, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мораль, құқықтық білімдер негізімен қатар, әлеуметтік рухани өмірдің құндылық элементтері ретінде қарастырылады. Адам құндылығының ең маңыздысы «өмір сүру» болса, бұл екі бағытта сипатталады. Біріншісі – адамгершілік, екіншісі – руханилық қатынас. Ал адамның адам болып

қалыптасуына үлес қосатын негіз рухани-адамгершілік құндылық болып табылады (Ғабитов, Мүстәліпов, Құлсариева, 2000 : 72-75) [15].

Адам өзінің алғашқы қадамын, іс-әрекетін түсінуін, игеруін «қажетті» немесе «керек» деген сұраныстарынан бастап, адамдық сапасын жүре келе дамытады. Ғалым Г. Нұрғалиева құндылықтардың өзара әрекеттестігін көрсете келе «адамгершілік құндылық – ол әлеуметтік маңызы бар адамгершілік құбылыс. Ол адам мен қоғамның даму идеяларының іске асуына мүмкіндік туғызады», – дейді (Нұрғалиева, 1993) [16].

Рухани құндылық – қоғамдағы мәдени тұтастық, оның ішкі бірлігі, әлеуметтік ортадағы таным мұраттары, әсемдік және адамгершілік қасиеттері арқылы көрінеді (Мұхамеджанов, 1999 : 285) [17]. Яғни, рухани құндылық – адамның ортамен қарым-қатынасы, айналысатын ісі, білім мен өмір сүру салты, санасы мен сезімі, сенімі мен сапасынан тұратын жиынтық. Олай болса, құндылықтың адам өміріндегі маңызы біліктілік, білімділік, имандылық, адамгершілік (моральдық) эстетикалық, психологиялық, өнегелік, шығармашылық сапалары арқылы көрініс табады.

Жалпы қандай да болмасын адам жас кезінен өмірдің заңдылықтарына үлес қоссам, өзгертсем десе, барлық өмірін соған арнайтыны сөзсіз. Себебі, адам белсенділігі, еркіндігі, қажеттілігі, қызығушылығы арқылы шығармашылыққа енгенде ғана өмір сүру мәнін аша алады (Құл-Мұхаммед, 2000) [18].

Осы негіздерге сүйене отырып, «рухани-адамгершілік құндылықтың» мәнін: ол адамдық қасиеттің өлшемі оның жақсылыққа талпынып, өзге адамға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымы, өмірді жақсартуға ұмтылысы, өмір сүру жайындағы ізденісінің жиынтығы деген анықтама бере аламыз.

Бұл тұрғыдан К.Д. Ушинский өз еңбектерінде адамдар өмірінің мәнін, құндылық өзектерінде қалыптастырудың қажеттігін атап көрсетті. Ол оқушы адамгершілігіне ықпал ететін жұмыстардың басты негізі, халықтың рухани дүниесіндегі тәрбиені бойлай түсіндіруі тиімді нәтиже берері сөзсіз, деген тұжырым жасаған (Ушинский, 1988 : 248) [19]. Ал В.Г. Белинский болса, «Адамның тәні сияқты, жанына да тәрбие керек, онсыз жан семеді, яғни енжарлық ми батпағына айналады» – деп адамгершілік қасиеттерді қалыптастырумен қатар, оқушының сезіміне әсер ете отырып, рухани мәдениетті сақтап қалу керектігін атап

өтеді. Ф.М. Достоевский: «Адам құпия. Оны шешу керек, оны өмір бойы шешетін болсаң, уақытым зая кетті деп ойлама, осы құпияны шешсең – адам болғаның» – деген сөздері арқылы «Өзің үшін» деген ұғымның мәнін ашқан. Н.Г. Чернышевский оқушылардың сан алуан білімдерді ойдағыдай игеруіне, олардың рухани күші мен қабілеттерінің жан-жақты дамуына, дұрыс ой-пікірлерінің қалыптасуына тәрбие іс-шараларын тиімді ұйымдастырудың зор әсер етуі тиіс деп есептеді. Ол және оқыту материалының көлемі мен оқыту әдістерін анықтауда оқушының жас ерекшелігін, оның ой-өрісі мен қабілеттерін қатаң есепке алуды, материалдың біртіндеп және тізбектеп берілуіне, қорытындылар мен тұжырымдардың анық, дәл айтылуына баса көңіл бөлді. Оқушының білім алу үдерісінде, оның рухани дамуы, қалыптасуы оқу мен тәрбиенің ұштасып, біртұтас үдеріске айналған жағдайында нәтиже беретінін анықтады (Чернышевский, 1953 : -62) [20].

Яғни, бұл кезеңдерде де, оқушыны рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің бағыттарын анықтауға талпыныстар болған. Бірақ, қоғамның дамып, өзгеруіне қарай ол бағыттардың мақсаттары да өзгеріп отырғандығы байқалады.

Қазақ ағартушысы Ш. Уәлиханов рухани-адамгершілік сезімді әсем болмыстан, сұлулық негізін табиғат жаратылысынан іздеп, адам мен табиғат құндылығының үйлесімділігіне мән берген болса, Ы. Алтынсариннің «Мұсылманшылдық тұтқасы» еңбегі ұлы рухани құндылық деуге болады, бұл еңбегінде «Шариат-үл-ислам», «Иман турасында», «Амал турасында», «Ахлық, яғни адамдарға тиісті мінез тұрғысында», «Негізгі дұғалар» деген бөлімдері адамның мінез-құлқын қалыптастыруда көмектеседі (Әлқожаева, 2012 : 48) [21].

Сондай-ақ, қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың бірі – Абай Құнанбаев өзінің өлеңдері мен қарасөздерінде жеткіншектерді жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа үндеп отырған. Абай шығармаларының тәрбиелік потенциалы бүгінгі күнге дейін өз күшін жойған емес. Жастарды әсемдікке, сұлулыққа және адамгершілік ізгі қасиеттерге тәрбиелеуді, өмір бойы басты идея етіп ұстап, жетілдіріп отырған. Осыған байланысты мына өлеңдерін атауға болады: «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Жүрегім нені сезесің» және «Ғылым таппай мақтанба» т.б. «Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз» – деп ұлы ақынның өзі айтқанындай, оның өлеңдері туған жердің сұлу табиғаты, қазақ ауылының көріністері, адамдардың көңіл-күйі

сан алуан сезімдерімен ұласып, музыка үніндей естіледі. Ақын шығармашылығының негізі – адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеу. Мәселен, Абай «біреуге көмектесу – ішкі зор қуат пен терең ақыл және ыстық сезімнің ісі» (Құнанбаев, 1987 : 280) [22], – деп біледі. Міне, осындай қасиеттер түгелдей бір адам бойында болғанда ғана, ол салиқалылықпен біреуге жанашыр бола алады дейді. Сол сияқты Абай жастарды әділдікке тәрбиелеудің мәнінің зор екенін «дұшпаныңа да әділ бол» деп білдірсе, ал рухани-адамгершілік қасиеттердің мәнін «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», «... іштегі кірді қашырса, адамның хикмет кеудесі», «... өзің үшін үйренсең, жамандықтан жиренсең, ашыларсың жылма жыл» деген сөздерімен аша түседі. Ол досты да адамгершілігі арқылы танып білу, яғни, достықты нығайтатын, күшейтетін рухани-адамгершілік сапа-қасиеттер деп санаған, деп ой қорытуға болады.

Жастарды рухани құндылықтар негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін арнайы қарастырғандар қатарына: Ә. Диваев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, М. Әуезов т.б. жатқызуға болды.

Ахмет Байтұрсыновтың: «Қай әдіс жақсы?» деген еңбегіндегі: «Әр әдіс өз орнында жақсы. Әдіс кезекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнынан қажеттілігіне қарай» (Байтұрсынов, 1992 : 448) [23], – деп айтқан сөзінде қандай әдіс болса да оқушының ішкі сезіміне әсер ету керектігін меңзейді.

Ж. Аймауытов педагогикалық оқу орындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақты жаңа рухта тәрбиелеуге және ғылымның әр саласынан терең білім алуын көздеп, ғылыми педагогикалық, психологиялық мұра қалдырған. Сондықтан, өзінің «Тәрбиеге жетекші» деген еңбегінде «Тәрбиенің негізгі мақсаты мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу» (Аймауытов, 1924 : 105) [24], – деп жастарды рухани-адамгершілік сапа-қасиеттерге жетелесе, М. Дулатов қазақ мектебінің мақсаты: «жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру» (Дулатов, 1991 : 384) [25], – деп тәрбие мен білімді қатар алып жүру керектігіне мән берген. Оқыта отырып, тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып оқытамыз деген принципті ұстанған.

Педагог Е.Н. Ильиннің: «оқушылардың рухани дүниесі мұғалім үшін негізгі зерттеу нысаны болып табылады» (Ильин, 1982 : 90) [26], деген пікірі оқушының рухани-адамгершілік

тәрбиесін дамытуды көздегені, рухани-адамгершілік тәрбие арқылы ойлаған мақсатқа жететіндігін түсіндірген. Ол әдебиет пәні арқылы оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды жүзеге асырды және бұл мақсатқа жетуде, әр оқушының ішкі жан дүниесін демократияландыру идеясын басшылыққа алды. Оның идеясы бойынша мұғалім жеткіншектің рухани қалыптасуына ықпал жасау арқылы оның өздігінен жетілуіне мүмкіндік жасайды.

Руханилық өмір заңы емес, адамгершілік заңы, ол адамның адамдық қасиетін ашады, бір сөзбен айтқанда руханилықты көрсетеді. Алдымен педагогикалық категория ретінде анықталып, орныққан ұғым — адамгершілік ұғымына тоқталсақ, ол қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін моральдық ұғымдардың жиынтығы.

Адамгершілік тәрбиесі — ізгілікке, инабаттылыққа баулудың жолы болып табылады (Ысқақов, 1985 : 122) [27]. Жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, адамгершілік түсінікті, адамгершілік сезімді және адамгершілік мінез-құлықты, бірге тәрбиелеуден тұрады. Педагогикалық энциклопедияда «адамгершілік тәрбие» ұғымын: «Адамгершілік — мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыру, адамгершілік сезімдері дамыту, моральдық сананы мақсатты бағытталған түрде қалыптастыру» немесе мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, мінез білімдерін, моральдық қасиеттерді қалыптастыру процесі» (Каиров, Петров, 1964 : 830) [28], — деп анықтаса, қазақ совет энциклопедиясында: «Адамгершілік тәрбиесі — мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі» (Қаратаев, 1976 : 663) [29] — деп бастапқы анықтаманы толықтыра түседі.

Ал философиялық сөздікте: адамгершілік — адамдар оқиғаларға баға береді, өзінің мінез-құлық бағытын таңдайтын, моральдік ұғымдарға, әр түрлі құбылыстарға байланысты, олардың бастан кешіретін мақұлдау немесе айыптау сезімі негіз болады (Нұрғалиев, 1996 : 525) [30]. Бұдан адамгершілік тәрбиесіне көптеген міндеттер артылып, үлкен үміт күтетінін көреміз. Қазақ Ұлттық энциклопедиясында: «адамгершілік — адам бойындағы гуманистік құндылық әдеп ұғымы (кісілік, ізгілік, имандылық тәрізді ұғымдармен мәндес) (Аяған, 2003 : 720) [31]. Мұнда адам бойындағы әдептілік қасиеттерді дамыту ретінде анықтайды.

Қазақ тілінің сөздігінде: «адамгершілік тәрбиесі — ізгілікке, инабаттылыққа баулудың жолы» (Жанұзақов, 1999 : 774) [32], — деп түсіндіреді. Яғни, ізгілікті, инабатты қандай жол мен сезім арқылы қалыптастырудың бағытын көрсету, ол руханилықтың бастамасы.

Жоғарыдағы зерттеушілерді жинақтай келе қазіргі қоғам талабына сай өзекті мәселе — жалпыадамзаттық құндылықтардың ғалымдардың басты нысанасына ілігіп, көрініс тапқанына көзімізді жеткізе отырып, біздің зерттеуіміздің негізі орта сыныптағы оқушылар арасында рухани-адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы болғандықтан, ең алдымен, «құндылық», «рухани-адамгершілік құндылық», «адамгершілік» ұғымдарының зерттелу аясына тоқталдық (1-кесте). Бұл топтама осы мәселелердің қазіргі мәнін түсінуге, зерттеу нысанасы мен практикалық мәнділігін білуге мүмкіндік береді.

Ғалым педагогтардың да адамгершілік тәрбиені зерттеуде зор үлес қосқаны белгілі, атап айтатын болсақ Р.К. Төлеубекова, Ұ.О. Асанова, Г.А. Аңламасова, И.Н. Бодықова, С.Қ. Әбілдина, Ә.С. Әмірова т.б.

Адамгершілік мінез-құлық өзінің дербестігімен жауапкершілігін ұғынуы, екінші жағынан, ынтымақтастық қарым-қатынаста болуы және өзі өмір сүріп отырған қоғам мүддесімен жеке басының мүддесін сәйкестендіре білуі арқылы көрінуі керек — деп педагог ғалым Р.К. Төлеубекова (Төлеубекова, 1993 : 162) [33] өзінің зерттеу жұмысында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің осындай қасиеттілігін көрсете білді.

Әрине, жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу қоғамда орын алған, дегенменде жастар арасында құндылықтарды бағаламайтындар да кездесіп жатады. Сондықтан да барлық білім беру орындарында бұл мәселеге аса көңіл бөлген дұрыс. Мысалы мектептерде және кейбір ЖОО өзін-өзі тану пәні оқытылады, ал бұл пәннің негізгі мақсаты — рухани-адамгершілік қасиетті жастардың бойына сіңіру. БАҚ тарапынан да игі істерді халыққа жеткізіп отыру қажет. Сонымен қатар, рухани жаңғыру жобасы аясында көптеген іс-шаралар өткізілуде бұл жалғасын табу керек. Бұл тұрғыда біздің университетте біршама іс-шаралар орын алды, бітіруші түлектер диплом, магистрлік жұмыстар жазды, арнайы дөңгелек үстел, семинарлар, конференциялар өткізілуде. Алайда, болашақта тәрбие субъектілері бірлесе отырып, оның концепциясын жазып, рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің жаңа жолдарын, әдістерін, формасын анықтаулары тиіс.

1-кесте – «Құндылық» ұғымына берілген анықтамалар

№	Ұғым	Авторлардың аты-жөні	Анықтамалар
1	ҚҰНДЫЛЫҚ	Анисимов С.М.	-...құндылық адам өмірінің руханилығы
2		Амонашвили Ш.	-...өмірді тану, өмірдің шексіз мәңгілігін түсіну, ықпал ету
3		Әбішев Қ.	-...құндылық өлшемі – руханилық пен адамгершілік, яғни адамның жақсылыққа талпынысы
4		Әлқожаева Н.С.	- құндылық – халық қазынасы мен адам бойындағы имандылық, ізгі қасиеттер
5		Дробовицкий О.Г.	-...құндылық – адами дүниенің бастауы, «тірілген нәрселер әлемі»
6		Ерасов С.	-...құндылық – адамның рухани-әлеуметтік дүниеде өмір сүруі
7		Жарықбаев Қ.	... құндылық – ұлттық тәрбие, ұлттық сана, ұлттық мінез-құлық
8		Жүнісов М.	-...құндылық – ұлттың өзіндік санасы. Өзіндік сана – тіл, ұлт, мінез-құлық, дүниетаным, атамекен, туған жер сияқты ұғымдармен байланысты
9		Здравомыслов А.Г.	-...құндылық адам өмірінің қызығушылығы, қажеттілігі
10		Қалиев С.	... құндылық – рухани-адамгершілік қасиеттер арқылы, оқушы бойына ізгілік, имандылық, адалдық тәрбиесін қалыптастырады
11		Қожахметова К.Ж.	... құндылық – сенім, білім, іскерлік, дағды, болмыс, ерікті көзқарас жүйесін қалыптастыратын жүйе
12		Құл-Мұхамед Рақымғали	-...құндылық – мәдени феномен. Мәдениет арқылы құндылықтар адамдық болмыс тірекке айналады
13		Колбанов В.В.	... тұрақты, адамның өзіне деген, табиғатқа деген көзқарасын өзгерте отырып, өзінің жасаған ісін адамгершілік тұрғыда бағалау, қадірін білу
14		Майғаранова Ш.	... құндылықтар оқу мен тәрбиедегі адамгершілікке бағытталған идеялар ... құндылықтар сезім мен ақыл, құрметтеу мен қошеметтеу, қабылдау
15		Нұрғалиева Г.К.	-...адамгершілік құндылық – өмірдің мақсаты, мағынасы және білімнің ролі, адамның өмірдегі жолы және еңбегі
16		Нұрмұратов С.	-...құндылықтың құндылығы «Әлемге сүйіспеншілік», ол біреуге нағыз рухани құндылық
17		Нұғманова К.	-...қазақ халқының құндылығы – тілі, дәстүрі, халықтың рухани күші
18		Оразбекова К.	... құндылықтың ең басты жиынтығы «ізгілік». Ізгілік – адамның өзін-өзі тануы, өзіне-өзі баға беруі. Өмірдегі орны мен өмір сүру негізін білуі
19		Петракова Т.И.	-...құндылық адам әлеуметінің негізі (жер, отан, отбасы, еңбек, білім, мәдениет, бейбітшілік, адамшылық т.б.)
20		Шәмшатұлы И.	... құндылық – бұл адамның тілегі, қасиеті, мүддесін қанағаттандыратын құбылыс

Қорытынды

Руханилық адамның материалдық, қоғамдық тарихи практикасының жоғарғы нәтижесі, рух – материяның «жоғарғы көркі» қоғамның рухани өмірі – қоғамдық сана – қоғамдық болмыстың бейнесі болып табылады. Сонымен қатар ол қоғамдық болмысқа, адамзаттың практикалық қызметіне өзінің белсенді ықпалын тигізеді, – деп философиялық сөздікте руханилыққа қысқаша түсінік берілген (Нұрғалиев, 1996 : 525).

Ал Г.Г. Соловьева руханилық адамның ішкі жарықты, нұрды қабылдай білу қасиеті (Соловьева, 1983 : 232) [34], – деп айшықтайды. Осы айтылғаннан құбылыстың негізін адамдар

өздерінен іздеу қажет, материалдық болмыстың заңдылығын мойындау керек деген ой туады.

Ж.Р. Бәшірова өзінің рухани құндылықтар жайлы еңбектерінде «руханилық тек адамдарға тән маңызды қасиет, бірақ руханилық білімділікпен шектелмейді. Адам өзін және басқаны тану барысында руханилық қасиеттерді дамытады және өз күшіне сеніп, өз ақылына жүгінгенде ғана өзіндік үйлесімділікте өмір сүре алады» (Бәшірова, 2006 : 57-63; Әлқожаева, 2001 : 17) [35-36] – деп болашақ ұрпақты рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуді бірінші орынға қояды. Рухани-адамгершілік құндылық дүниесінің бастаулар көзі – қазақ халқының ежелден келе жатқан салт-дәстүр, әдет-

ғұрыптарының негізінде қалыптасқан имандылық ұғымы дер едік. Имандылық идеясын зерттеуші Н.С. Әлқожаева «имандылық – адамдық қасиет сапасының бір белгісі, адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін, елінің, халқының, ұлтының мақсатын көздейтін, тарихи прогреспен ұштасып отыратын құндылықтардың бірі» (Әлқожаева, 2001 : 17) [37] – деп имандылық әрбір адамның өзіндік мәдениетінің көрінісі, ол қарым-қатынаста орын алады деген. Мәдениет – халықтардың

өмірінің, жетістіктерінің, шығармашылығының көрінісі. Яғни, адамның рухани байлығы оның мәдениетінде айқындалады.

Қорыта келе, қазіргі кездегі елімізде болып жатқан реформалардың бағыты да жастарды рухани-құндылықтарды бағалауға үйрету арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін жетілдіру. Әрбір адам ең алдымен өзі-өзі тәрбиелеп, өзі үшін құндылықтарды анықтап, өзінің санасын өзгерту арқылы болашаққа бағдар жасауы тиіс деп тұжырым жасаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // «Егемен Қазақстан», 12сәуір, 2017 жыл
- 2 Әбішев Қ. Философия: оқулық. – Алматы: Ақыл кітабы, 1999.
- 3 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: Әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы, 2000
- 4 Кассирер Э. Лекция по философии и культуре // Культурология, XX век. Антология. – М.: Прогресс, 1995. – 290-292 сс.
- 5 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. – 215 б.
- 6 Анисимов С.Ф. Духовные ценности: производство и потребление. – М.: Мысль, 1983. – 253с.
- 7 Харисова Л.А. Ислам духовно-нравственное образование школьников. – М., 2002. – 175 с.
- 8 Здравомыслов А.Г. Потребности. Инетерсы. Ценности. – М.: Мысль, 1986. – 31-39 с.
- 9 Chilana & Dawan. The human values: a task for all. // In Rajpur, T.S. (Ed.), (2002). Annotated bibliography on value education in India. New Delhi: NCERT, 1998. – P. 39.
- 10 Dhar, N., Chaturvedi, S., & Nandan, D. Spiritual health scale 2011 // Defining and measuring 4th dimension of health. Indian Journal of Community Medicine, 36, 2011. 275–282. doi:10.4103/0970-0218.91329.
- 11 Dhar, N., Chaturvedi, S., & Nandan, D. (2013). Spiritual health, the fourth dimension: A public health perspective // WHO South-East Asia Journal of Public Health, 2(1), 3–5. doi:10.4103/2224-3151.115826.
- 12 Dutt. Moral values in child development. New Delhi: Anmol Publishers, 1998.
- 13 Gupta. Moral development in School children. Gurgaon: The Academic E'press; Hassija. (1995). Twelve wonder values for a better world. Rajasthan: Brahma Kumaris Iswariya Viswa Vidyalaya. 1989.
- 14 Elkins, D. N., Hedstrom, L. J., Hughes, L. L., Leaf, J. A., & Saunders, C. Toward a humanistic-phenomenological spirituality: Definition, description, and measurement. Journal of Humanistic Psychology, 1988. 28(4), 5–18.
- 15 Ғабитов Т., Мүстәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану негіздері // оқулық. – Алматы: Дәнекер, 2000. 72-75 б.
- 16 Нұрғалиева Г.К. Система ценностного ориентирования учащихся. – Алматы, 1993.
- 17 Мұхамеджанов Б.Қ. Студент: әлеуметтік бітімі, жай-күйі, құндылықтарының көзқарастық бағдарлары: социология ғыл. канд. дисс... – Түркістан, 1999. – 285 б.
- 18 Құл-Мұхаммед Рақығали Абрарұлы. Қазақ мәдениеті әлеуметтік құндылықтарының қалыптасуы мен дамуы: философия ғыл. канд. дисс... ҚР, Алматы, 2000.
- 19 Ушинский К.Д. О народности в общественном воспитании. Пед. Соч. в 6 томах // Сост. С.Ф. Егоров. – М.: Педагогика, 1988. – Т. 1. – 248 с.
- 20 Чернышевский Н.Г. Таңдамалы философиялық шығармалары. – М., 1953. – 62 б.
- 21 Әлқожаева Н.С. Қазіргі кездегі білім беру парадигмалары контекстінде тұлғаның рухани дүниесін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 156 б.
- 22 Құнанбаев А. Шығармалардың толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1987. 2т. – 280 б.
- 23 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 24 Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Қызылорда, 1924. – 105 б.
- 25 Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
- 26 Ильин Е.Н. Искусствообщения. – М., 1982. – 90 с.
- 27 Қазақ тілінің түсіндірмесөздігі // Жалпы редакцияны басқарған Қазақ ССР ғылым академиясының корреспондент мүшесі А.Ы.Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1985. –Т. 8. – 122 б.
- 28 Педагогическая энциклопедия / Под.ред. А.И. Каиров и Ф.Н. Петров. – М.: Сов. Энциклопедия, 1964. – Т.4. – 830 с.
- 29 Қазақ совет энциклопедиясы / Бас редактор М.Қ. Қаратаев. – Алматы, 1976. – 663 б.
- 30 Философиялық сөздік / Бас редактор Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.
- 31 Қазақ ұлттық энциклопедия / Бас редактор Б. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2003. – 720 б.
- 32 Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы редакцияны басқарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығының иегері Т. Жанұзақов. – Алматы, 1999. – 774 б.
- 33 Төлеубекова Р.К. Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық дәстүрлерін пайдалану: п.ғ.д. дисс. 13.00.01. – Алматы, 1993. – 162 б.

- 34 Соловьева Г.Г. Загадка счастья. Опыт философского размышления. – Алма-Ата: Жалын, 1983. – 232 с.
- 35 Бәшірова Ж.Р. Студенттердің дүниетанымы және рухани-адамгершілік құндылық дүниесі // Хабаршы, қазақ университеті. 2006. – №1. – 57-63 бб.
- 36 Әлқожаева Н.С. XIX ғ. II-жартысындағы ағартушылар мұраларындағы имандылық идеяларының дамуы: п.ғ.к. автореф. 13.00.01. – Алматы, 2001. – 25 б.
- 37 Alkozhaeva N.S., Alkozhaeva A.C. Білім беру парадигмаларындағы әл-Фараби ілімінің көрінісі // Вестник КазНУ им.аль-Фараби. Серия «Педагогические науки». – 2017. – №2(48).

References

- 1 Nazarbayev, N.A. (2017, April). Visionary Approach for Future: spiritual revival. Yegemen Kazakhstan.
- 2 Abishev, K.(1999). Philosophy: textbook. Almaty, Akyl kitaby.
- 3 Nurmuratov, S.E. (2015). The world of spiritual values: Analysis of social philosophy.
- 4 Kassirer, E. (1995). Lecture on philosophy and culture. Culturology, XXth c. Anthology. Moscow, Progress, 290-292.
- 5 Al-Farabi (1973). Philosophical tractatus. Almaty, 215.
- 6 Anissimov, S. Ph. (1983). Spiritual values: production and consumption. Moscow, Mysl, 253.
- 7 Kharissova, L.A. (2002). Islam is spiritual and moral education of schoolchildren. Moscow, 175.
- 8 Zdravomyslov, A.G.(1986). Needs. Ineters. Values. Moscow, Mysl, 31-39.
- 9 Chilana & Dawan. (1998). The human values: a task for all. In Rajpur, T.S. (Ed.), (2002). Annotated bibliography on value education in India. New Delhi: NCERT, p.39.
- 10 Dhar, N., Chaturvedi, S., & Nandan, D. (2011). Spiritual health scale 2011: Defining and measuring 4th dimension of health. Indian Journal of Community Medicine, 36, 275–282. doi:10.4103/0970-0218.91329.
- 11 Dhar, N., Chaturvedi, S., & Nandan, D. (2013). Spiritual health, the fourth dimension: A public health perspective. WHO South-East Asia Journal of Public Health, 2(1), 3–5. DOI: 10.4103/2224-3151.115826.
- 12 Dutt (1998). Moral values in child development. New Delhi: Anmol Publishers.
- 13 Gupta. (1 989). Moral development in School children. Gurgaon: The Academic E'ress; Hassija. (1995). Twelve wonder values for a better world. Rajastan: Brahma Kumaris Iswariya Viswa Vidyalaya.
- 14 Elkins, D. N., Hedstrom, L. J., Hughes, L. L., Leaf, J. A., & Saunders, C. (1988). Toward a humanistic-phenomenological spirituality: Definition, description, and measurement. Journal of Humanistic Psychology, 28(4), 5–18.
- 15 Gabitov T., Mustalipov Zh. & Kulsarieva A. (2000). Fundamentals of Culturology: Tutorial. Almaty, Daneker, 72-75.
- 16 Nurgaliyeva, G.K. (1993). The system of valued orientation of schoolchildren. Almaty.
- 17 Mukhamedzhanov, B.K. (1999). Student: social background, state, oriented approaches of values: candidate thesis on sociology. Turkestan, 285.
- 18 Kul-Muhammed, R. A. (2000). Formation and development of social values of the Kazakh culture: candidate dissertation on philosophy. Almaty.
- 19 Ushinskiy, K.D. (1988). The national ethos in nonparental care. Ped. Comp in 6 v. Comp. S.F. Egorov. Moscow, Pedagogy, 1. 248.
- 20 Chernyshevsky, N.G. (1953). Selected philosophical compositions. Moscow, 62.
- 21 Algozhaeva, N.S. (2012). Scientific and pedagogical bases of formation of personality spirit in the context of contemporary educational paradigms. Monograph. Almaty, Kazakh University, 156.
- 22 Kunanbayev, A. (1987). Complete collection of works. Almaty, Science, 280.
- 23 Baitursynov, A. (1992). Language apprenticeship. Almaty: Ana tili, 448.
- 24 Aimautov, Zh.(1924). Leaders in education. Kyzylorda, 105.
- 25 Dulatov, M.(1991). Works. Almaty: Zhazysy, 384.
- 26 Ilyin, E.N. (1982). Art of Interaction. -Moscow, 90.
- 27 Explanatory dictionary of the Kazakh language. The corresponding editor-in-chief of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, A.Y.Yskakov (1985). Almaty, Gylm, V.8. 122.
- 28 Pedagogical Encyclopedia / Sub. A.I. Kairov and F.N. Petrov (1964). Moscow, Sov. Encyclopedia, V.4. 830.
- 29 The Kazakh Soviet encyclopedia / Chief editor M.K. Karatayev (1976). Almaty, 663.
- 30 Philosophical Dictionary / Chief Editor R.N. Nurgaliev (1996). Almaty: The Kazakh Encyclopedia, 525.
- 31 Kazakh National Encyclopedia / Chief editor B. Ayagan (2003). Almaty: The Kazakh Encyclopedia, 720.
- 32 Kazakh language dictionary / The Republic of Kazakhstan State Prize Awardee, head of the General Edition T.Zhanuzakov (1999). Almaty, 774.
- 33 Toleubekova, R.K. (1993). The use of the best traditions of folk pedagogy in the moral education of schoolchildren of elementary grades: thesis of doctor of ped.sc. 13.00.01. Almaty, 162.
- 34 Solovyova, G.G. (1983). The mystery of happiness. The idea of philosophical thinking. – Alma-Ata, Zhaly, 232.
- 35 Bashirova, Zh.R. (2006). Students' world outlook and spiritual and moral values. Khabarshy, Kazakh University. 1. 57-63.
- 36 Algozhaeva, N.S. (2001). The development of spiritual ideas in the heritage of the second half of XIXth century enlightenment: candidate of pedagogical sciences abstract 13.00.01. Almaty, 25.
- 37 Alkozhaeva, N. S.; Alkozhaeva, A. C. (2017). The rejection of the teachings of al-Farabi in the paradigms of education. Journal of Educational Sciences, 48, 2

2-бөлім
**МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДАҒЫ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
МӘСЕЛЕЛЕР**

Раздел 2
**ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ
ПРОБЛЕМЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ
ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ**

Section 2
**PSYCHOLOGICAL AND
PEDAGOGICAL PROBLEMS
OF PROFESSIONAL EDUCATION**

Orynbayeva U.K.¹, Zhaukumova Sh.S.², Smagulov K.³

¹KazIRaWL university named after Ablaykhan, doctoral student of 1 course,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: ulserik@mail.ru

²Zhetisu state university named after I. Zhansugurov senior teacher
of the department foreign language and social study, Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: sholpan69@mail.ru

³Al-Farabi Kazakh National University, PhD, Associate Professor, Kazakhstan, Almaty

DEVELOPMENT OF PEDAGOGICAL REFLECTION IN THE PROFESSIONAL TRAINING OF A TEACHER OF FOREIGN LANGUAGE

The article raises the problem of understanding the role of reflection in professional pedagogical activity. The urgency of diagnostics and formation of pedagogical reflection of trainee students is revealed. The author substantiates the possibility of managing the development of pedagogical reflection in undergraduate students in conditions of specially organized pedagogical activity. Described specifically designed tasks aimed at developing personal and communicative reflection of student interns. Approved methods of forming skills of personal and communicative reflection, proof of their effectiveness are presented. Taking into account the results of the conducted research, some recommendations are proposed, aimed at increasing the effectiveness of teaching students-trainees to the skills of pedagogical reflection.

Effective ways of forming personal reflection skills, according to teachers, are the following exercises: «The picture of the future» (for 100% of student trainees); «Monitoring motivation» (96%); «Mini-program» (87%); «Symbol of life success» (84%); «My achievements in life and profession» (68%); «The solution of life and professional problems» (68%); «My ideal of the professor» (66%); «Values of professional life» (65%); Resource (63%); «Pyramid of professional growth» (52%). Student interns indicated the following effects of these methods: the opportunity to re-evaluate the negative past experience and find in it a positive incentive for development; a concrete definition of the ways of the current self-control of motivation and behavior, ways of coping with life and professional problems, ways and means of self-development; the formation of a clear desired image of oneself in the future, a significant deepening of the various ideas about oneself, his «I», his inner world, the concretization and adjustment of the «image of the I»; strengthening the skills of effective self-analysis.

Key words: pedagogical reflection, personal and communicative reflection, reflexive skills, self-knowledge, self-esteem, self-reflection, self-correction.

Орынбаева У.К.¹, Жаукумова Ш.С.², Смагулов К.³,

¹1-курс докторанты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: ulserik@mail.ru

²оқытушы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: sholpan69@mail.ru

³PhD, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Шетел тілдері мұғалімін кәсіби даярлауда педагогикалық рефлексияны дамыту

Мақалада кәсіптік педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексияның рөлін түсіну мәселесі қарастырылады. Студент-практиканттардың педагогикалық рефлексиясын диагностикалау мен қалыптастырудың өзектілігі анықталады. Студент-практиканттардың арнайы ұйымдастырылған педагогикалық іс-әрекеті жағдайындағы педагогикалық рефлексияның дамуын басқару мүмкіндіктерінің негіздемесі көрсетіледі. Студент-практиканттардың тұлғалық және коммуникативтік рефлексиясын дамытуға бағытталған арнайы тапсырмалардың түрлері сипатталған. Тұлғалық және коммуникативтік рефлексия біліктіліктерін қалыптастырудың байқаудан өткен құралдары және олардың тиімділігінің дәлелдері беріледі. Кәсіби-тұлғалық даму

және өзін-өзі дамыту үдерістеріндегі, коммуникативтік рефлексиядағы тұлғалық рефлексияның және мұғалім мен студенттердің педагогикалық өзара әрекеттесу стратегиясын құрудың тұлғалық рефлексиялық тиімділігі баяндалады.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, оқытуда студент-практиканттардың педагогикалық рефлексиялық біліктіліктерінің тиімділігін арттыруға бағытталған кейбір ұсыныстар беріледі. «Болашақ бейнесі», «Мониторинг мотивациясы», «Шағын бағдарлама», «Өмір табыстылығының символы», «Менің өмірдегі және кәсіптегі жетістіктерім», «Өмірлік және кәсіби мәселелерді шешу», «Менің профессорлық идеалым», «Кәсіби өмірдің құндылықтары», «Кәсіби өсу пирамидасы» және т.б. жаттығулар рефлексияны қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Студент-практиканттар мына әдістердің: өткен тәжірибенің жағымсыз жақтарын қайта бағалау мүмкіндігі және одан дамуға жағымдылық беретін ынталандыруды табу; өзін-өзі дамыту жолдары мен құралдары, өмірлік және кәсіби мәселелерді жеңе білу құралдары, ағымдағы өзін-өзі бақылаудың мотивациялық және мінез-құлықтық жолдарын нақты анықтау; өзінің қалаған шынайы болашақ бейнесін, өзі туралы тереңдетілген әртүрлі көріністерді, өзінің ішкі жан дүниесін, «Мен бейнесін» нақтылау және түзету және өзін-өзі тиімді талдау дағдыларын жетілдіруді қалыптастырудың жағымды жақтарын атап көрсетті.

Түйін сөздер: педагогикалық рефлексия, тұлғалық және коммуникативтік рефлексия, рефлексиялық біліктілік, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі түйсіну, өзін-өзі түзету.

Орынбаева У.К.¹, Жаукумова Ш.С.², Смагулов К.³

¹докторан 1 курса, Казахский университет международных отношений

и мировых языков им. Абылай Хана, Казахстан, г. Алматы, e-mail: ulserik@mail.ru

²преподаватель, Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова,

Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: sholpan69@mail.ru

³PhD, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Развитие педагогической рефлексии в профессиональной подготовке учителя иностранного языка

В статье поднимается проблема понимания роли рефлексии в профессиональной педагогической деятельности. Раскрывается актуальность диагностики и формирования педагогической рефлексии студентов-практикантов. Приведено обоснование возможности управления развитием педагогической рефлексии у студентов-практикантов в условиях специально организованной педагогической деятельности. Описаны специально разработанные задания, направленные на развитие личностной и коммуникативной рефлексии студентов-практикантов. Представлены апробированные способы формирования умений личностной и коммуникативной рефлексии, доказательства их эффективности. Приведены эффекты личностной рефлексии в процессах профессионально-личностного развития и саморазвития, коммуникативной рефлексии – в построении развивающей стратегии педагогического взаимодействия учителей с студентами. Принимая во внимание результаты проведенного исследования, предлагаются некоторые рекомендации, направленные на повышение эффективности обучения студентов-практикантов умениям педагогической рефлексии.

Эффективными способами формирования навыков рефлексии являются следующие упражнения: «Картина будущего»; «Мотивация мониторинга»; «Мини-программа»; «Символ успеха жизни»; «Мои достижения в жизни и профессии»; «Решение жизненных и профессиональных проблем»; «Мой идеал профессора»; «Ценности профессиональной жизни»; «Пирамида профессионального роста» и др. Студенты-практиканты отметили позитивные стороны этих методов: возможность переоценить негативный прошлый опыт и найти в нем позитивный стимул для развития; конкретное определение путей текущего самоконтроля мотивации и поведения, способов преодоления жизненных и профессиональных проблем, путей и средств саморазвития; формирование четкого желаемого образа себя в будущем, значительное углубление различных представлений о себе, внутреннем мире, конкретизация и корректировка «образа Я»; укрепление навыков эффективного самоанализа.

Ключевые слова: педагогическая рефлексия, личностная и коммуникативная рефлексия, рефлексивная умения, самопознания, самооценка, самоосмысление, самокоррекции.

Introduction

Changes in the socio-cultural and economic life of the Republic of Kazakhstan, taking place in recent years, make great demands on the

professional training of the teacher. Therefore, the level of methodological competence of the teacher is of great importance. In the State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2016-2019 includes

requirements for the teacher of a new formation, as a subject not only to the organization of the educational process, but also to his own activity in general and his personality [1 p. 21].

Increased interest into the problem of reflection, the formation of the ability of the future teacher to pedagogical reflection in modern psychological and pedagogical science is explained by a change in the philosophical and educational paradigms that affirm the ideas and principles of personality-oriented education. However, a theoretical analysis of the literature, substantive and procedural aspects of vocational training indicates that the problem of developing the reflective ability of the student – the future teacher is not given proper attention. The analysis of the scientific literature has shown that by now in psychology and pedagogy a certain amount of knowledge is accumulated, necessary for the formulation and solution of the problem of the development of reflexive skills of students. In psychological science, reflexive processes are investigated that make it possible to understand the essence of such phenomena of the human psyche as the arbitrariness of self-knowledge, theoretical thinking; reveals the essence of the reflexive management of other activities; Reflexivity is studied as a psychic property [2, 3].

In pedagogical science the content of the concepts «pedagogical reflection» and «methodological reflection of the teacher» are revealed, the content and methods of forming the teacher's ability to pedagogical reflection are determined. The study of reflection has scientific and practical relevance due to the fact that many scientists note the influence of this phenomenon on the formation of the person's personality, on the development of his creative individuality [4,5,6].

The relevance of the study is due to:

- the need to expand the theoretical understanding of the pedagogical reflection of young teachers;
- tasks of humanizing pedagogical interaction in the «teacher-student» system;
- lack of elaboration of the problem of pedagogical reflection, functioning in professional interaction in the «teacher-student» system;
- need to develop and appraise ways of forming reflexive skills among young teachers.

However, one of the key elements, which is a necessary condition for self-development of a professional, is insufficiently studied is the teacher's reflection. The study of pedagogical reflection as a component of professional activity requires concretization and need to theoretically substantiate

the role of types of reflection in the professional-personal life of teachers, to reveal its content and structural features, to determine the ways of forming reflexive skills.

Materials and methods of research

